

ӘЛЕУМЕТТІК
САНА
ОРТАЛЫҒЫ
КЕРЕК



» 4

КӨРЕГЕНДІК –
ХАҚТЫҢНҰРЫ



» 5

Мұнарға

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТИ

№21 (75)
08.11.2022
СЕЙСЕНБІ



ТҮРКІ МҮФТИЛЕРІ ӘЗЕРБАЙЖАНДА БАС ҚОСТЫ

Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) дін басшылары кеңес аясындағы үшінші кездесуі үшін Әзербайжан астанасы Баку қаласына келді. Ең алдымен ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің мүфтилері Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысының бейітіне гүл шоғын қою рәсімін өткізді. Мүфтилер осы елдің жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиев пен оның зайыбы Зарифа Әлиеваның бейітіне зиярат етіп, дұға бағыштады. Бұдан кейін Әзербайжанның азаттығы мен территория тұтастығы үшін қаза тапқан жауынгерлер жерленген Шейттер аллеясына барып дұға етті.

Бұдан кейін мүфтилердің үшінші басқосуы басталды. Алкалы жиынға Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Бағдат Әміреєв, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы Аллашүкір Пашазаде, Түркия Дін істері басқармасының басшысы Әли Ербаш, Өзбекстан мұсылмандары басқармасының төрағасы Нуриддин Холиқназаров, Түрікменстанның Бас мүфтиі Ялқап Ходжагулыєв қатысты.

Ең алдымен Құран аяттары оқылып, дұға жасалды. Жиында сөз алған Бағдат Әміреєв түркі мұсылмандарының ортақ идеяға ойысуын сәтті қадам деп атады. Бұл ретте Түркі мемлекеттері ұйымы кеңеске жан-жақты қолдау көрсететін жеткізді. Ал Аллашүкір Пашазаде өз кезегінде мүфтилер кеңесінің жұмысын барынша жандыңдыру қажеттігіне тоқталып, достық, бауырлас байланыстарды нығайта түсуді қалайтынын білдірді.

Кеңес отырысында сөз алған ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы негізінен діни, рухани туризмді дамыту, ортақ жобаларды қолдау, көне қолжаз-

баларды сақтап, тарихи жәдігерлерді келешекке жеткізу жайын баса айтты.

«Ислам мәдениеті мен өркениетінің дамуына зор үлес қосқан тарихи-мәдени орындарға, тұлғалар мен шығармаларға арналған «Сенім туризмі» саласындағы жобаларды жүзеге асыру бойынша бастамаларды қолдауға дайынбыз. Бүгінгі таңда бұл ретте ҚМДБ «Дархан дала» атты жобаны қолға алды. Қазіргі таңда Өзбекстан елімен бірге осы бағытта дамытудамыз. Алдағы уақытта бауырлас елдер арасында діни туризм, зиярат жасау ісінде жан-жақты қолдау көрсетуге шақырамын. Түркі елдерінің діни, рухани және мәдени мұраларына қатысты рұқсат етілген сирек қолжазбалардың көшірмелерін алуға жәрдемдесу және оларды қорғау мақсатында түркі елдеріндегі мұражайларға бірлесіп бару жағын ерекше қолдаймын. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өз тарапынан бүгінгі игі іске үлес қосуға дайын. Бауырлас елдердің бірлігі бекем, ынтымағы ырысты, жиынымыз жемісті болғай!» деді Бас мүфти.

(Жалғасы 2-бетте)

ӘЛИХАНҒА ДУМА САЙЛАУЫНДА КІМДЕР ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ?

1905 жылы тамызда ІІ Николай патшаның Ресейдегі революциялық күштердің қысымымен империяның заң шығарушы және өкілетті органы ретінде Мемлекеттік Дума құру туралы манифестке қол қойғаны тарихтан белгілі. Патшаның Мемлекеттік Дума құру туралы манифестінде Ресей империясының бірқатар халықтарының (оның ішінде қазақтарда бар) сайлауға қатысуға құқығы жоқ болып шықты.



Жоғарыдан жергілікті билік органдарына сайлау науқанының алғашқы күнінен-ақ қазақтарды мекен-тұрағы жоқ «қанғыбас халық» ретінде сайлауға қатыстырмауға айрықша нұсқау берілді. Бұл жағдай халықтың әділетті наразылығын тудырды. Қазақ халқы өздерінің өкілдерін Мемлекеттік Думаға қатыстыруды бағыл талап етті. Ақыры халықтың тегеурінді наразылығы, олардың талабына құлақ асуға мәжбүр етті. Нәтижесінде қазақтар сайлауға қатыса алатын болды. Думаның депутаттарын сайлау тікелей емес, төрт бағыт – ірі жер иелері, қалалықтар, шаруа және жұмысшы қуриялары бойынша жеке таңдаушыларды сайлау арқылы іске асырылды. Бұ-

ған көшпелі халықтың өз орталарынан сайланатын таңдаушылары қатысатын болды. Семей облысы қазақтары үшін бекітілген тұрақты ереже 1906 жылдың 18 наурызынан қолданысқа енгізілді. Бұл бойынша көшпелі қазақ тұрғындар І Мемлекеттік Думаға Семей облысының бес үйезінен бір ғана депутатты сайлай алады.

(Жалғасы 6-бетте)

Қарахан дәуірінде өмір сүрген Ханафи мәзһабы мен Матуриди ақида мектебінің ірі өкілі – Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи еді. Оның шын есімі Омар ибн Мұхаммед ибн Ахмет ибн Исмайыл ибн Әли ибн Лұқман болатын. Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи 1069 жылы Мәураннахрдағы Насаф (Қаршы қаласы) қаласында дүниеге келді. Туабітті алғыр әрі зерек Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи жастайынан кәлам, тафсир, хадис, фикһ, лұғат, әдебиет ілімдерін игеруге талпынды. Қажырлы ізденістің арқасында кейін ол аты аңызға айналған әмбебап ғұламаға айналды.

НӘЖМИДДИН ӘН-НАСАФИ

ЖӘНЕ ОНЫҢ ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

ӘБУ ХАНИФА МЕКТЕБІНІҢ ІРІ ӨКІЛІ

Діни әдебиеттерде оның ғылымдағы орны туралы мәліметтер айтылып, жеке өміріне қатысты деректер көп айтылмайды. Десе де ән-Насафи телегей-теніз ілім иесі болғандықтан, оған «Нәжмуд-дин әш-Шайх», «Сиражуд-дин», «Имам-ул-Әжжал» деген лақап ат берілген, сондай-ақ фикһ мәселелерінде жандарға да пәтуа бергендіктен, оны «Мүфти-ус-Сакалайн» деп те атады.

Нәжмиддин ән-Насафидің Ханафи фикһ іліміндегі ұстазы атақты Садр-ул-Ислам Әбу Юср Мұхаммед Бәздауи болатын. Ал ақида ілімі бойынша Матуриди мектебінің ірі өкілі саналады. Ләкнауидің «Әл-Фабайду-л-Баһийа» атты еңбегінде Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафидің Имам Ағзам Әбу Ханифаға дейінгі сілсиласы былай берілген: Әбу Юср Мұхаммед Бәздауи, Әбу Юкуб Юсуф Әшғари, Әбу Ысқақ әл-Хақим ән-Науқади, Мұхаммед

ибн Абдуллаһ ибн Мұхаммед ибн Омар Әбу Жағфар әл-Хиндуани, Мұхаммед ибн Ахмет Әбу Бәкір әл-Искаб, Әбу Бәкір әл-Амаш Мұхаммед ибн Сайд және Ахмет ибн Исмаат Әбул Қасым әс-Саффар, Ахмет Әбу Бәкір әл-Искаб, Мұхаммед ибн Сәлама Әбу Абдуллаһ, Әбу Сүлеймен әл-Жузжани, Имам Мұхаммед, Имам Юсуф, Имам Ағзам Әбу Ханифа. Яғни ән-Насафи Имам Ағзам Әбу Ханифа мектебінің өкілі болып есептеледі.

Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи мұсылман әлемінде классикалық ғұламалардың бірі болып есептеледі. Оның ақида, фикһ, тәпсір саласы бойынша жазған еңбектері осы салалардағы негізгі тұлғалардың қатарына жатады. Оның есімі Ханафи мәзһабы мен Матуриди мектебінің ірі өкілдері және тәпсір саласының ірі майталмандарымен қатар аталады. Тіпті ақида мен фикһ іліміндегі негізгі еңбектердің сілсиласында ән-Насафидің аты-жөні жиі ұшырасады.

(Жалғасы 7-бетте)

БАСПАСӨЗ-2023

«МҰНАРА»
ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ
БАСТАЛДЫ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 64747

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

	Қала бойынша	Аудан-ауыл бойынша
3 айға	577,80 теңге	603,60 теңге
6 айға	1 155,60 теңге	1 207,20 теңге
12 айға	2 311,20 теңге	2 414,40 теңге

«МҰНАРА» (MUNARA) ГАЗЕТИНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ҚМДБ-ҒА ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ МЕШІТТЕР АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ. ГАЗЕТ АЙЫНА 2 РЕТ ШЫҒАДЫ.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ:
«ҚАЗПОШТА» АНЫҚТАМА БӨЛІМІ: 8 (7172) 58-02-96
«МҰНАРА» ГАЗЕТИНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ: 8 (7172) 99-98-66

QR КОД АРҚЫЛЫ ТЫҢДАҢЫЗ!

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының «Тәпсірлердің таңдаулысы» тақырыбындағы екінші дәрісін осы жерден тыңдауға болады.

Қызылорда қаласындағы «Айтпай» мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаевтың уағызын тыңдаңыз. Тақырып – «Пайғамбарымыздың мұғжизалары».

Шымкент қаласындағы «Қаттани» мешітінің наиб имамы Асқарғали Сатыбалдиевтің «Алла елшісінің үмметімен қоштасу құтпасы» уағызын тыңдаңыз.

Әр айдың намаз кестесін осы жерден көрсеніз болады. Мұнда еліміздің барлық қаласындағы намаз кестесі жинақталған.

e-mail: munara@muftyat.kz

БАС МЕШІТТЕГІ БЕРЕКЕЛІ ШАРА

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Астанадағы Бас мешітте ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мүбәрак бір тал сақал-шәрифін көру іс-шарасына қатысты.

Аталған іс-шара халық арасынан ашылған дәлізбен ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған имамдардың мүбәрак-шәрифті салтанатты түрде ортаға әкеліп, арнайы орынға қоюмен басталды.

Бұдан соң Бас мешіттің қарилары Мұртаза Балахмет пен Серік Ахметов асыл Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құрмет ретінде Мәуліт, Құран оқып, Бас мүфти батасын жасады.

Жамағатқа уағыз айтқан Наурызбай қажы Тағанұлы: «Қасиетті Құранда: «Сендерге Алланың елшісінде көркем өнеге бар» делінген. Алла Тағала баршамызды Өзіне лайықты құл, Пайғамбарға лайықты үмбет болуды нәсіп етпей» деді. Бұдан соң жиналған халыққа мүбәрак-шәрифті көру тәртібі мен әдеби таныстырылып, халықтың кезекпен асыл затты көруіне мүмкіндік берілді.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Астана қаласында ҚМДБ Әйел-қыздар секторының ұйымдастыруымен ІІ республикалық мұсылман әйелдерінің «Әсем киім – әйел ажары» сән киім байқауы өтті.

Қазылардың шешіміне сәйкес, Жұлдыз Шарипова (Алматы облысы) мен Сарвиноз Фазыловаға (Манғыстау облысы) ынталандыру сыйлығы берілді. Үшінші орынға Зульфия Ақатаева (Алматы қаласы) лайықты деп танылды. Ал екінші орын Айзада Кененге (Атырау облысы) бұйырды. Жұлделі бірінші орынды Мақпал Ысмайылова (Астана қаласы) жеңіп алды.

Айта кетейік, іс-шараны ұйымдастырудағы мақсат – әйел-қыздарға шариғат пен дәстүрімізге сай, қазіргі заман талабына орай орамал мен мұсылманша киім үлгілерін ұсыну. Байқауда облыс-өңірден келген жиырмаға жуық дизайнердің ұсынған 200-ден астам мұсылманша киім үлгілері көрсетілді.

ҒҰЛАМАЛАР КЕҢЕСİNДЕ ПӘТУАЛАР ҚАБЫЛДАНДЫ

Түркістан қаласында өткен ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің XXXV мәжілісінде бірқатар пәтуалар қабылданды.

Атап айтқанда, «Зейнетақы қоры жинағынан зекет беру үкімі», «Мәйіттің денесін кесудің үкімі», «Тұрақсыздық айыппұлдың төлеудің үкімі», «Дәрігердің нұсқаусыз трамадолды қолданудың үкімі», «Қан донорлығының үкімі» пәтуаларының мәтіні бекітілді. Басқосуда бұдан бөлек «Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы ҚМДБ рөлі», «Бабалар ізімен: Қазақстандағы мұсылмандық мектеп», «Ислам энциклопедиясы» еңбектері мен құжаттардың мазмұны мақұлданды.

Айта кетейік, Ғұламалар кеңесінің мәжілісіне Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі де қатысты. Министр бүгінгі таңда мұфтият қоғамда беделді, ықпалды, іргелі құрылымға айналғанын атап өтті. Сонымен қатар Діни басқарма халықты бірік пен игілікке үндеуде үлкен іс-шаралар атқарып келе жатқанын тілге тиек етті. Дархан Қыдырәлі өз сөзінде жастарды деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру, білімді, тәжірибелі діни мамандарды даярлау, медресе-колледждердің оқу бағдарламасын, техникалық базасын жетілдіру, шәкірттерге шешендік өнерді, дін психологиясын үйрету, ақпараттық бағыттағы жұмыстарды жандандыру т.б. мәселелерге назар аударды.

Айта кетсек, Ғұламалар кеңесінің кезекті мәжілісінде «Зейнетақы қоры жинағынан зекет беру үкімі», «Мәйіттің денесін тілудің үкімі», «Сюаһидын шариғи үкімі», «Дәрігердің нұсқаусыз трамадолды қолданудың үкімі», «Қан донорлығының үкімі» т.б. пәтуалардың мәтіні талқылануда.

Басқосуда бұдан бөлек «Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы ҚМДБ рөлі», «Бабалар ізімен: Қазақстандағы мұсылмандық мектеп», «Ислам энциклопедиясы» еңбектері мен құжаттардың мазмұны қаралуда.

ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Бүгін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Түркістан облысы Көлес ауданы Абай ауылындағы жаңа мешіттің ашылуына қатысты.

«Түркістан облысы мешіт саны жағынан еліміз бойынша бірінші орында тұр. Бұл өңірде 1000-ға жуық мешіт бар. Бұл – республика бойынша мешіттің үштен бір бөлігін құрайды. Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Абай ауылына айрықша көрік беріп тұрған жаңа мешіттің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз халисінде былай дейді: «*Кім жер бетінде Алланың үйін салуға атсалысса, Алла Тағала ол кісіге жұмақтан орын дайындайды*».

Қасиетті Құран Кәрімде: «Алланың мешіттерін шынайы түрде Алаға және ақырет күніне сенген, намазды толық орындаған, зекет берген, Алладан ғана қорыққан адамдар көркейтеді. Міне, солардың тура жол табушылардан болуы үміт етіледі» («Тәубе» сүресі, 18-аят) делінген. Осы мешітті салған азаматтарға Алла разы болсын» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ҺӘМ ИХСАН ІЛІМІ»

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Шымкент қаласында осындай тақырыпта халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті.

Конференция жұмысына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Шынғыс Мұқан, профессор Досай Кенжетай, профессор Шәмшидин Керім, PhD доктор Мұхан Исхан т.б. ғалымдар мен имамдар қатысты. Конференцияда баяндама жасаған Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Құдіреті күшті Алла Тағала Құран Кәрімде ерекше мән берген құндылықтың бірегейі – Ихсан ілімі. Егер мұсылман адам Ихсан ілімінің шынайы болмысын түсінсе, рухани жан-дүниесі кемелденіп, иман байлығына қол жеткізеді. Өздеріңізге мәлім, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірнеше жылдан бері еліміздегі мұсылман жамағатына Ихсан ілімін дәріптеп келеді. Біз осы бастама аясында «Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабын шығардық. Сайып келгенде, біздің мақсатымыз – дәстүрімізбен бітеқайнаскан дінімізді, әдет-ғұрпымызды дәріптеп, жастарды бабалар салған сара жолмен жүруге үндеу» деп атап өтті.

ТҮРКІ МҰФТИЛЕРІ ӨЗЕРБАЙЖАНДА БАС ҚОСТЫ



(Басы 1-бетте)

Кездесуде сөз алған Түркия Дін істері басқармасының басшысы Әли Ербаш қазіргі жойылып баратқан ұлттық құндылық, текті сақтау, тәрбие, Ислам үмбетінің өзара бірлігі, Түркі мемлекеттері арасынан ислам ғұламаларын шығару жайына тоқталса, жиынға алғаш қатысқан түркімен тарапы барлық бастамаларды қолдайтынның және Кеңес отырысының әр кездесуі маңызды екенін айқындап өтті.

Жиынды қорытындылаған қабылдаушы тарапқа жауапты Аллашүкір Паша-заде айтылған ұсыныстар ескеріліп, діни мерекелерді бір уақытта атап өту, пәтуа беруде біржақты ұстаным таныту, түркі елдерінің өзара ынтымағын арттыру мәселесінде бірлікте жұмыс істеуге шақырды. ТМҰ Мұфтилер кеңесінің келесі отырысы 2023 жылы Өзбекстанның Самарқан қаласында өтетін деп келісілді. Айта кетейік, кеңестің бұған дейінгі бірінші, екінші отырыстары Стамбұл мен Түркістан қалаларында өткен болатын.

Түркі мемлекеттері ұйымы мұфтилер кеңесінің жұмыс жоспарына сай қонақтар Әзербайжанның оңтүстігіндегі теңіз деңгейінен 1400 метр биіктікте орналасқан Шуша қаласының тарихи орындарын аралап, елдің мұфтиі ең алдымен 1768 жылы салынған тарихи көне «Юхары Гевхар-Ага» мешітінде болып, дұға жасады. Сондай-ақ Керуен сарай, жанадан салынып жатқан мешіттер мен өзге де қайта жаңарған нысандарды аралады. Әзербайжан халқының біртуар перзенттеріне

қойылған ескерткіштерді көріп, таулы Қарабақ жотасының шыңына шықты. Шуша қаласында ТМҰ Мұфтилер кеңесінің ережесі бекітіліп, дін басшылары қол қою рәсімін өткізді. Осылайша кеңес соңында бірлескен декларация қабылданды. Кеңес ережесінде негізінен түркі дүниесіне ортақ құндылықтарды дәріптеу, отбасы, салт-дәстүр,



түркі елдерінен шыққан дін қайраткерлерін насихаттау, жат ағыммен күрес, бірлесіп симпозиум мен конференциялар ұйымдастыру, діни әдебиеттер мен түркі тілдерінде тараған шығармаларды таныту, Ғұламалар кеңесінің жұмысын өткізу сыйды мәселелер қамтылды.

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы ТМҰ Мұфтилер кеңесінің



үшінші отырысы аясында Бакуде бірқатар маңызды кездесулер өткізді. ҚМДБ Төрағасы Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Бағдат Әміреєвпен, Кавказ мұсылмандарының төрағасы, Аллашүкір Пашазадемен, Түркия Дін істері басқармасының басшысы Әли Ербашпен, Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Ну-

ның өзекті мәселелері турғысынан маңызы» атты халықаралық конференция өтті. Айтулы жиынға Мұфтилер кеңесінің мүшелері, ғалымдар қатысты. Конференцияның кіріспе сөзін Аллашүкір Паша-заде бастап, жиынның маңызына тоқталды. Халықаралық жиынға Қазақстан тарапынан ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің мүшесі, М.Әуезов атындағы Әде-

риддин Холиқназаровпен, Түрік-менстанның бас мұфтиі Ялқап Ходжагульєвпен кездесіп, кеңес жұмысын жандандыру, әріптестік байланысты арттыру, ортақ жобаларды қолға алу т.б мәселелерді көтерді.

Сондай-ақ Бакуде ТМҰ Мұфтилер кеңесінің үшінші отырысы аясында «Түркі-ислам мұрасының байлығы және оның қазіргі заман-

биет және өнер институты бас директорының орынбасары Төрәлі Қыдыр қатысты. Ғалым баяндамасында түркілік ислами әдебиет тақырыбын тереңнен қозғады. Жиында Әзербайжан, Түрікменстан, Өзбекстан, Түркиядан келген ғалымдар баяндама жасап, түркі-ислам мұрасы жайлы өз тақырыптарына арқау етті.

АСТАНАДА МӘУЛІТ КЕШІ ӨТТІ



ҚМДБ Астана қалалық өкілдігінің ұйымдастыруымен Астанадағы «Qazaqstan» концерт залында «Үмметін сүйген Мұхаммед» атты Мәуліт кеші өтті. ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Мәуліт кешіне қатысып, жамағатқа уағыз айтты.

«Адамзаттың асылы пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) – бүкіл адамзатқа үлгі болған теңдессіз тұлға. Пайғамбарымыздың есімі ұлықталған жерде береке болады. Бір хадисте «*Кім маған бір салауат айтса, Алла Тағала оған он салауат айтады*» делінген. Демек

айналамыз аман, ортамыз берекелі болсын десек, жыл он екі айдың барлық күнінде де салауат айтуды тоқтатпауымыз қажет. Алла Тағала рухани, қайырымдылық кешіне басып келген қадамдарымызға мол сауаптан жазсын» деді Бас мүфти.

Рухани кеште қасиетті Құран аяттары мен мәуліт жыры оқылды,

ел аманлығы үшін дұға жасалды. Сондай-ақ «Өнер қырандары» театры ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмір жолы мен өсиетіне негізделген қойылымдарымен көпшіліктің жүрегін елжіретсе, танымал айтыскер ақын Дидар Қами Майлықожаның «Атананың кәлірі» термесін орындады. Бұдан бөлек жақсылыққа үндеп, Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетін насихаттайтын өңдер шырықалып, кеш соңында Астана қаласы мен іргелі ауылдардың тұрғындарына тосынсыз жасалды. Рухани кештің

мәні» мешітінің шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Нағрад Әленханұлына – шипажайға жолдама, төрт баланың анасы Наурызгүл Асылбекқызының ісмерлігіне сәйкес көпфункционалы тігін машинасы, жол апатына түсіп, қоларбаға танылған Сәулетхан Бақытбекұлына зергерлік құрылғылар тарту етілді. Бала кезінде апатқа ұшырап, бет-жүзі түгелдей күйіп қалған Шынболат Сәбитұлы мен бүгінде жүрегін ауыстыру отасына кезекте тұрған, өзі жасанды жүрек аппаратымен жүрген Айдос Исламғалиұлына 500 мың көлемінде көмек берілді. Жастайынан жанарынан



билеттерінен түскен қаржы қайырымдылыққа жұмсалып, Наурызбай қажы Тағанұлы «Мәуліт сыйы» табысталды. «Мәуліт сыйы» кеш билеттерінен түскен қаражатқа жасалды. Рухани кеште Бас мүфти елордадағы «Әзірет Сұлтан» мешітінің тұрақты жамағаты Сансызбай Төкенұлына кіші қажылыққа жолдама берді. Сондай-ақ ҚМДБ Төрағасы Астана қаласының тұрғыны Төлепберген Қабылдинге «Ел үлесі – пәтерге» жобасының 576-пәтер кілтін салтанатты түрде табыстайды. Сондай-ақ мешітке сіңірген зор еңбегі үшін «Сәдуақас қажы Ғыл-

айырылып, кейін Брайль оқу жүйесімен Құран оқуды меңгерген, осы тәсілді шәкірттеріне үйретіп келе жатқан Бақытжамал Кәрібайқызына Бас мүфти ҚМДБ-ның мерекелік медалін табыстап, шипажайға жолдама берді. Сондай-ақ Астана іргесіндегі Кеңесары ауылының тұрғыны Мұрат Қабылбаева да мерекелік медаль мен шипажайға жолдама берілді. Айта кетейік, осы ауылда біраз жыл имамдық қызмет атқарған Мұрат Қабылбаев – 17 баланы асырап, өкелік мейіріміне бөлеген жан.



IX ғасырда Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Яссы, Сауран, Сығанақ, Шаш, Сүткент, Жент, Кудур, Отлук, Өзкент және тағы басқа қалаларда Ислам діні өркендей бастады. X ғасырдан бастап Ислам ілімі жолында тәлім-тәрбие беретін медреселер бой көтеріп, көркем мінез ұстанымдар қалыптаса бастады. Сол кездегі Ислам мдениетінің қазақ жеріндегі ірі ошағы – Сығанақ, Отырар, Сайрам, Яссы (Түркістан) қалалары болды.

**Наурызбай қажы
ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти**

Түркі даласының төл перзенті, Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық мектебінің көрнекті өкілі, ғұлама, әулие бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің қазақ халқының рухани тарихында айрықша орны бар. Ол — Ислам дінінің жанашыры әрі насихатшысы, сопылық ілімнің көрнекті ұстазы. Оның туған жері — қазіргі Түркістан облысы Сайрам кенті. Әкесі Ибраһим ата — хазіреті Әлидің (оған Алла разы болсын) ұрпағы. Ол Исфиджабта танымал діндар кісі болса, анасы Қарашаш — Мұса шейіхтің қызы.

Қожа Ахмет Ясауи алғашқы сауатын жеті жасына дейін әкесінен алады. Жеті жасында әкесі қайтыс болған соң, Арыстан бабтан тәлім алады. «Диуани хикметте» бұл жайында былай дейді:

*«Жеті жаста Арыстан баб келді бабам,
Хақ Мұстафа аманат берді маған,
Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян,
Нәсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де...»*
(Қожа Ахмет Ясауи, Диуани хикмет. Аударған М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. — Алматы: «Мұраттас», 1993, 22-бет).

Арыстан баб қайтыс болған соң, Бұхараға барып, Юсуф Хамаданиге шәкірт болады. Ұстазы Юсуф Хамадани Имам Ағзам жолын берік ұстанған ғұлама болатын. Оның ұстазы жан шұағын ешкімнен аямайтын, жетім-жесірлерге қарайласатын өте білімді әрі мейірімді жан еді. Юсуф Хамадани сияқты ары таза, жаны пәк адамнан тәлім алған Қожа Ахмет ұстазының бүкіл жақсы қасиетін бойына сіңіріп әрі ұстазынан көп өнегені бойына сіңіреді.

Көзін ашқаннан діндар отбасында өскен Қожа Ахмет те жастайынан өмірін ізгілік пен мейірімділікке, адамгершілік пен тақуалыққа арнады. Ол Юсуф Хамаданидан діни білім алған соң, Ясыға келіп, халыққа дінді үйретіп, сопылық жолдың насихатшысына айналады. XII ғасырда Яссы деген кішкентай қаланың Яссы шаһары деп даңқын шығуы Қожа Ахмет Ясауидің атымен тікелей байланысты. Ал қазір Түркістан деген кезде бірден Қожа Ахмет Ясауидің еске түсуі бабамыздың танымал ғұлама, әулие екенін аңғартады.

Қожа Ахмет Ясауидің тәрбиеленген шәкірттерін санамалап шығу өсте мүмкін емес. Дегенмен алғашқы шәкірті Арыстан бабтың ұлы Мансур аты, екінші шәкірті Саид ата болса, үшінші шәкірті Мұхаммед Данишменд, төртіншісі Сүлеймен Бақырғани (Хахим ата) екені белгілі. Түркітің ғалымы Фуат Көпирүлдінің: *«Ирак, Хорасан және Мауераннахр сопыларынан басқа түркі шейхтары деп жүрген сопылардың барлығы дерлік Қожа Ахмет Ясауи тариқатының шейхтары еді»* деген сөзі оның шәкірттерінің көптігін білдірсе керек. XIII-XV ғасыр арасында Ясауи ілімі Хорезм, М уреннахр және Анадолияға дейін жетті. Түркі жұртында Ясауиді құрметтеп, пір тұтқандықтан «М динада — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет» деген тәмсіл пайдала болды.

Бабамыз сопылық жолды ұстанып, дінді насихаттау барысында айтқан өлеңдер жинағын «Диуани Хикмет» деп атады. Ол адамгершілік пен имандылықты ту етіп, бүкіл күш-қайратын ізгілік жолына арнап, ақиқатты жырлады. Бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеді. М нгілік махаббатты, жанинда ғашықтықты, риясыз адалдық пен асақ адамгершілікті жырлады. Ислам дінінің өлмейтін-өшпейтін құндылықтарын дәріптеді.

Оның өлеңдері оғыз-қыпшақ тілінде айтылғандықтан, халық арасында тез тарап үлгерді. Себебі Ислам құндылықтарын



ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ

**ЖӘНЕ
ИХСАН ІЛІМІ**

жырлағандықтан әрі тілі ұғынықты болғандықтан, түркілер тарапынан қолдау тапты. Ахмет Ясауи әр мұсылманның бойында Аллаға деген зор сүйіспеншілік, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарға деген ыстық махаббат болу керектігін сүйсіне жырлады. Тіпті Аллаға дұға еткенде: «Уа, Алла! Өзіңе және Пайғамбарыңа бізді ғашық ет», — деп жалбарынды. Мұсылмандарды көркем мінезді болуға шақырып, түркі халықтарының көзін ашып, Аллаға деген иманын арттырып, Исламға деген танымын кеңейтті.

Ахмет Ясауи өз хикметтерінде сопылық ілім туралы кеңірек мәлімет беріп, осы жолды дәріптеді. Ол сопылық жолға дайындықсыз, білімсіз келетіндерді қатты сынады. Шынайы, таза сопылық ілімінің хабарсыз, жалған сөйлеп, өз мүдделерін жүзеге асыратын дүмше сопыларды «жалған сопы» деп айыптады. Сондай келенсіздікке ұрынбас үшін алдымен шарият ілімін жетік меңгеру керек деген ой қозғалды.

Сопылық жолдың негізі Ихан ілімінің басталатыны мәлім. Ихан — пенденің иманын бекемдеп, құлшылыққа деген құлшынысын арттырып, адамгершілікке тән игі қасиеттерді кемелдендіре түсетін рухани ілім. Құдіреті күшті Алла Тағала Құран Кәрімде ерекше мән берген құндылықтың бірегейі — осы Ихан ілімі. Егер мұсылман адам Ихан ілімінің шынайы болмысын түсінсе, рухани жандүниесі кемелденіп, иман байлығына қол жеткізеді. Ихан ілімі әуелі Аллаға иман келтіру, бұйырған амалдарын орындау, тыйым салған нәрселерінен бойын аулақ ұстаудан басталады.

Ихан — сен Алланы көрмесен де Алла сені көріп тұрғандай амал жасау деген сөз. Ізгі ғұламаларымыз «Ихан ілімінің алғашқы сабағы ренжітпеуден басталып, соны ренжімеумен аяқталады» деген екен. Имам Науауи (оған Алла разы болсын): «Алла Тағала сенің әрбір жағдайыңды көріп тұрады. Сондықтан барлық ісінде жақсылық жаса. Әрбір ісің толыққанды болуы керек» дейді. Әбу Ханифаның «Муснад» кітабында: «Ихан — әрбір ісінде Алла разылығы үшін жасауың» делінген. Бұл ретте адамның ниетіне баса назар аударылады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ақиқаттыңда, Алла Тағала әрбір істі жетік жасауды (ихсанды) парыз етті...»* деген. Расында, әдептілік адамды көрікті етеді. Ихан ілімі көркем мінез бен адамға тән күллі әдепті қалыптастырады. Хазіреті Мәулана: «Ақылым жүрегімнен: «Иман деген не?» — деп сұра-

ді. Ихан болса, көркем мінез бен адамға тән күллі әдептілікті қалыптастырады. Сондықтан Қожа Ахмет Ясауи сопылық жолда жүрудің төрт мақамын, яғни шарият, тарикат, мағрифат, ақиқатты сөз етеді. Бұлардың әрқайсысын он-он мақамға бөліп, түсіндіреді. Кім осы мақамдарды басып өтсе, сол пенде ғана өз денгейінде шейх, пір, сопы, ишан, ұстаз бола алады деп көрсетеді. Бұл мақамдарды басып өтпеген жан аталған дәрежелердің біреуіне де көтеріле алмайды. Тіпті сопылық ілімін уағыздау сәтіндегі қарабайыр шапанның өзін киюге құқығы жоқ деген. Ол туралы Ясауи бабамыз отыз екінші хикметінде былай деген:

*«Өтті ғұмырым, шариятқа жете алмадым,
Шариятсыз тариқатқа өте алмадым.
Ақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар».*
*Ал алыс аатыншы хикметінде былай дейді:
«Шарияттың шапанын кимейінше,
Тариқаттың пырағына мінбейінше,
Ой леміне беріліп батпайынша,
Хақиқаттың майданына кіріп болмас».*

құрметтеу арқылы Аллаға махаббатпен қауышулы үйретті. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету тікелей көркем мінездің кемелденуімен жүзеге аспак.

Замандастарын дінге шақыру барысында көрсекызар, кудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубеге келуге шақыра отырып, надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүниебайлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, дүние жалған ешкімге де опа болған емес деп насихат айтты.

Қожа Ахмет Ясауи Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жанынан артық жақсы көрді. Оған деген махаббаты соншалық, барша сүннетіне сай өмір сүргізді. Жанындай жақсы көрген екі дүние гүлзары, адамзаттың асылына деген шексіз махаббаты 63 жасқа келгенде «Пайғамбарым 63 жасында қайтыс болғандықтан, жер бетінде одан көп жүруден ұяламын» деп дүние-мүлкін келді-кешікке таратып, қалған ғұмырын қылуғе өткізгенін баршамыз білеміз.

Ол Алланың сүйікті құлы бола білді. Фибратқа толы ғұмыры мен насихаты мыл-лиондаған халықтың жүрегінде Алла мен Оның елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген махаббатты оята білді. Алланың сүйікті достары — қашан да



ды. Жүрегім ақылымның құлағына иіліп: «Иман дегеніміз — әдеп», — деп жауап берді», — дейді.

Көркем мінез жайлы білмек болған бір кісіге ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«(Уа, Мұхаммед!) Кешірімділікті ұстан, жақсылыққа бұйыр және наландардан сырт айнал»* деген аятты оқып: *«Көркем мінез — туыстық қарым-қатынастарды үзгендермен арадағы араласуды арттыруың, саған жамандық жасағандарға жақсылық жасап, қиянат жасағандарды кешіруің»* дейді.

Расында, ихан — бақытын иманнан іздеген жұртымыздың жүрегіне жақын ілім. Халық ұғымындағы «Жақсылыққа жақсылық — әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық — ер адамның ісі», «Кен болсаң — кем болмайсың», «Кешірім жасау — кендік, кешіре алмау — кемдік», «Жақсылық жүрген жерде тапшылық болмайды», «Жақсылық еккен алғыс орады» сынды нақылдар ұрпақтан ұрпаққа тәрбие ретінде айтылып, өмір сүру дағдымыздың біріне айналды.

Ислам тарихына көз жүгіртсек, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарымыз өзінің бойындағы көркем мінезі арқылы наландықта өмір сүріп жатқан Мекке халқын әдептілікке, ізгілікке шақырды. Оған пайғамбарлық міндет жүктелгенге дейін, яғни қырық жыл өмірінде адамгершілік қасиеттің қоғамға әкелер пайдасын дәлелдеп берді. Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мен жер бетінде көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім»,* — деген халисі көп нәрсені аңғартса керек. Бұл туралы Алла Тағала қасиетті Құранда: *«Шын мәнінде, сен жоғары мінез құлыққа (әдепке) иесің»* («Калам» сүресі, 4-аят) дей-

Ғұлама сопылық мектептің түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. Сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі тілінде сөйлетті. Түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде сөйлете білді.

Ол негізін қалаған Ясауи ілімінде Хакка қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты топырақ сипатында болу, яғни нәпсіні тәюдан басталамақ. Нәпсіні тәю — сопылық жолдың негізгі мақсаты. Ихан жолын ұстанудың нақ өзі — топырақ сипатында болып, өзін халқына арнау кемелдіктің белгісі деген сөз. Кемелдікке жету үшін адамда ғашықтық пен дерт болу керек дейді.

«Дертсіз алам» деп сезімнен жұрдай, өз ұлтының, Отанының алдында жауапсыз, мұңсыз, кара басының қамын күйтейтін жан деп суреттейді. Дертті, шерлі адам пілге болып жанып, ғашықтық отына түсіп, қоғамның кемшіні тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, көз жасы, қайрат-жігерімен одан шығар жол, дауа іздейді. Ұлы ұстаздың бұл ұстанымы қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтқан емес. Бабамыз айтқандай, дертсіз адам болудан Алла бізді сақтағай!

Қожа Ахмет Ясауи Аллаға деген махаббатқа сай адам баласын кемсітпей, адамның тегі мен түсіне, діні мен діліне қарамастан оған құрмет көрсету, адам ретінде ардақтауды Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті деп түсіндірді. Ол дінді насихаттау барысында Құдайды жазалауды, қорқыныш иесі ретінде ғана емес, Құдайды сүю және оның үкімдерін

құрметке лайық тұлғалар. Сондықтан бабамыздың қабірі ғасырлар бойы зиярат ететін киелі орынға айналып, діндарлығы үлгі болуда.

Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған сопылық мектеп «Ясауи тариқаты» деп аталды. Түркі халықтары арасында кеңінен тараған аталмыш сопылық мектеп XII ғасырда Мауераннахр, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан мен Тәжікстан аймағына таралды. Нәтижесінде Ясауидің ілімі мен рухани құндылықтарын жалғастырушылар тарихта өзіндік із қалдырды.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірнеше жылдан бері еліміздегі мұсылман жамағатына Ихан ілімін дәріптеп келеді. Біз осы бастама аясында «Ихан — рухани тәрбие негізі» кітабын шығардық. Бұл еңбекте «Жаратушы Аллаға ихан», «Тұлғалық ихан», «Ихан және қоғам» сынды тараулар қамтылып, Ислам ғұламаларының ихан ілімі жайлы ой-толғамдары берілді. Кітаптан әрбір адамға аса қажет ықылас, ниет, ыждаһат, тұрақтылық, тиянақтылық, Аллаға, Құранға, Пайғамбарға деген махаббат, нәпсімен күресу жолдары, жүрек дертінен арылу, рух тазалығы, тіл тазалығы сынды көркем мінезді қалыптастыратын сипаттарды қалай тұл бойымызға сіңіру қажеттігін түсінеміз.

Сонымен қатар ата-ана, бала-шаға, көрші-қолан, ағайын-туыс, айналадағы адамдардың ақысы жайлы құнды насихат оқып, жаман әдеттерден арылудың жолдарын үйренесіз.

Сайып келгенде, біздің мақсатымыз — дәстүрімізбен біте қайнаскан дінімізді, әдет-ғұрпымызды дәріптеп, жастарды бабалар салған сара жолмен жүруге үндеу. Алла Тағала иә істерімізге мол сауаптан жазсын! Әмин!

Желідегі жазбалар

**МӘМЛҮКТЕР
МЕМЛЕКЕТІНІҢ СОҢЫ**

1517 жыл – Мысыр мен Шам елін 267 жыл бойы билеген Мемлүктер мемлекетінің басына күн туған аса қайғылы кезең. Оны 1723 жылығ қазақ елінің ең сұрапыл қасіреті - Ақтабан шұбырынды, Ақакөл сұлама оқиғасымен салыстыруға болады.

XVI ғасырда араб елдерінің барлығында дерлік түрік үстемдігі орнайды. Шам елі (Сирия, тарихи Палестина және Ливан) Осман империясының құрамына қосылды. Селим Жауыздың жаяу әскері — янычарлар Шам елін басып алғаннан кейін, арабтардың қазба-байлықтарын тонап, зорлық-зомбылықтар жасады. Селим Бірінші Шам елін төрт әкімшілікке бөлді: Дамаск, Триполи, Сайда және Алеппо. Әкімшіліктерді түріктер басқарды. Түрік әкі-

мін Паша деп, ал аймақты пашалық деп атады.

Мысырға келетін болсақ, 1390 жылы Сұлтан Барқұш Шеркеш мемлүктері Сұлтанатын құрғанмен, 127 жыл бойы шеркештер мысырлықтармен тіл табыса алмады. Мысыр халқы тек қыпшақ Сұлтаны әл-Ашраф Әбунасыр Қайтбай (1468-1496) мен шеркеш Сұлтаны Кансуһ әл-Фаури (1501-1516) Мемлүктер мемлекетін әділ басқарды деп есептейді.

Шам елінен қашып шыққан шеркештер тарихи Палестинаға бет алды. Олардың ізіне янычарлар түсті. Осы кезде барар жер, басар тауы жок талған-күтқан шеркештер «суға кеткен қал қармайды» демекші, 1516 жылдың 17 қазанында Каирде бас қосып, 40 жастағы әл-Ашраф Тұманбайды Сұлтан



деп жариялайды. Сұлтан әл-Ашраф Тұманбай көп ойланбастан кара құртай қаптаған түрік османдарына тойтарыс беру үшін Каирдің ар-Райдания (қазіргі әл-Аббасия ауданында) траншеялар қазып, шешуші шайқасқа дайындала бастайды. Қаладағы барлық зеңбіректерді орлардың жанына қояды. Янычарлардан үрейлері қашқан

шеркештер күндіз Сұлтан әл-Ашраф Тұманбайдың көзіне түсуге тырысады, ал түнде жан сауғалап үйлерінде паналайды. Сұлтан Тұманбай шөл даламен келе жатқан осман түріктеріне Салхия жерінде тасадан шабуыл жасамашы болады. Алайда, тыңшылар Селимге ар-Райдания маңында траншеялар қазылғанын, зеңбіректер шо-

ғырланғанын жеткізеді. Янычарлар бұл торларды айналып өтіп, Каирге басқа жақтан кіреді. 1517 жылдың 23-25 қаңтарда Сұлтан Тұманбай барлық күш-жігерлерімен табандылық танытып, қасық қаны қалғанша шайқасады. 26 қаңтарда Осман түріктері Каирді басып алады. Сұлтан Тұманбай бастаған шеркештер Каирдің «Бұлак» ауданында өздерін емін-еркін сезінген янычарлармен жеке-жеке келіп соғысады. Осман түріктердің жаяу әскерлері янычарларға көмекке келгенде Сұлтан Тұманбай жауынгерлері кемеге мініп, Ніл өзенімен Бухейра елді мекеніне кетеді. Сұлтан Тұманбай Бухейрада бәдәуилерден көмек сұрайды, алайда басында уәде берген бәдәуилер кейін Селим Жауызға Сұлтан Тұманбай мен жақтастары жасырынған жерлерді көрсетеді. Сөйтіп қайсар мінезді Сұлтан Тұманбай Осман түріктердің қолына түседі, кейін 1517 жылдың 15 сәуірінде өлім жазасына кесіледі.

Міне, осылайша 267 жылдық тарихы бар Мысыр мен Шам еліндегі Мемлүктер мемлекетінің дәуірі аяқталады.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Гипертүтыну сізге қалай әсер етеді? Гипертүтыну және шектен тыс қолдану мәдениеті тікелей немесе жанама болсын міндетті түрде бәрімізге әсер етеді. Ендеше ең үлкен әсерлерін қарастырайық.

Қарыз және жағымсыз қаржы әдеттері. 2022 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша, Қазақстанның бөлшек кредиттік қоржыны 10,76 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылғы осы кезеңге қарағанда 42,9 пайызға артық. Бөлшек сауда портфелінің басым бөлігін кепілсіз тұтынушылық кредиттер – 5,28 трлн теңге (48,3%), ипотекалық кредит – 3,39 трлн теңге (31,4%), автокредит – 1,09 трлн теңге (10,6%), кредиттік карталар – 348,3 млрд теңге (3,2%) және кепілді тұтынушылық кредиттер 498,3 млрд теңгені (5,1%) құрайды. Бұл статистикаға қарап, халықтың өмірі кредит жабумен өтіп жатқанын аңғара аламыз. Баяғыдан белгілі жағдай. Себебі қазір екінің бірі ақшасы бола тұра дүкеннен бөліп төлеу арқылы немесе кредитке зат алып жатыр.

Несиенің оңай берілуі біздің импульсивті сауда жасауымызға жол ашуда. Кез келген банкке барсаңыз 30 минуттың ішінде қолыңызға ақша ұстатады. Көптеген банктер қаржылық жағдайыңызға, қанша несиеңіз бар екеніне мән бермейді. Тіпті қазір банкке барудың қажеті жоқ. Онлайн түрде 300 мың теңгеге дейін қолма қол несие беріледі. Мұның бәрі адамды оңай ақшаға үйретіп отыр. Сізге тиесілі емес ақшаны сіздікі етіп көрсетеді. Бұған қоса интернет дүкендер де тұтынушылық несиелерді мейлінше көп беруге тырысады. Бастапқыда сатып алынған заттың бұйымен адам ол несиеңі қалай жабаумен деп басын қатырмайды. «Амалын табармын» деген алдамшы үміт санасын тұмшалап тастайды. Соның салдарынан адам қарызын жабу үшін одан сайын қарызға кіреді. Сөйтіп өмірінің жартысы қарыз алып, қарыз жабумен өтеді. Бәрі басында өзіне қажет емес затты сатып алудан басталған. Жоспарланбаған қажетсіз шығындардың нәтижесінде қарыз тез жиналып, қаржыны азайтып, маңызды заттар сатып алу үшін ақша үнемдеуге жол бермейді.

Психикалық саулық және стресс. Тұтынушылық қарыз стресс, күйзеліс және басқа да психикалық аурулармен тікелей байланысты. Бұл жағдайды ұшықтыра түсетін нәрсе – әлеуметтік желідегі адамдардың «ғажап өмірі». Сондай өмірге қол жеткізу үшін көп адамдар несие алып, қарызға кіреді. Одан қалса, «басқалардан кембіз бе?» деген оймен несиеге той жасайды. Нәтижесінде қазіргі өмірі несиеге дейінгі өміріне қарағанда екі есе нашарлап кетеді. Мұның бәрі адамның психикалық жағдайына әсер етпей қоймайды. Тіпті өз-өзіне қол жұмсауға дейін апаратын жағдайлар да кездеседі. Бұдан бөлек, зерттеулер көрсеткендей, «материалдық байлық бақыт әкеледі» деп ойлайтын, бірақ оған қол жеткізе алмайтын адамдарда бақытсыздық және қанағатсыздық сезімі басым болады.

Қоршаған ортаға әсері және қоқыс. Жыл сайын адамзат 275 миллион тонна пластикалық қоқыс шығарады екен. Олардың 8 миллионнан астамы әлемдік мұхитқа түседі. Қоқыстың әлемдік мұхит



ГИПЕРТҮТЫНУ ЗАРДАБЫ

көп төгілгені соншалықты, қоқыстан құралған бес арал пайда болған. Мәліметтер бойынша, «Тынық мұхитының үлкен дағы» деп аталатын осындай бір «аралдың» ауданы шамамен 700 мың шаршы метрді құрайды екен. Яғни бұл аралға екі Германия сыйып кетеді. Қоқыстың көлемі жылдан жылға ұлғаймаса, кемімейтіні анық.

Гипертүтыну экологияға да кері әсерін тигізіп келеді. Зауыттар атмосфераның, топырақтың және судың ластануын тудыратын жана өнімдерді көбірек шығарады. Адамдар сол өнімдерді көбірек алу үшін дүкендерге жүгіреді. Олар жана киімдер сатып алады, бірақ гардеробында бос орын жоқ, алайда ескі киім әлі де тозбаған. Істеп тұрса да, жыл сайын смартфондарын жанауына ауыстыруға асығады. Көптеген өнімдердің өмірлік циклі қысқа болған соншалық, оларды бірнеше апта, тіпті сағатпен өлшеуге болады. Адамдар үнемділікті ұмытқаны қашан. Бұрынғыдай бір затты қолдан қолға бермейді, мұраға қалдырмайды, бұзылса, жөндемейді. Жана тауарларды сатып алуға деген ұмтылыс үнемі тұтынуға және сән қуға әкеледі.

1) Тұтыну әдетіңізден хабардар болыңыз. Шамалан тыс тұтынуың жөнудің алғашқы қадамы – өзін-өзі таныуы қалыптастыру. Шығынға апаратын әдеттеріңіз бен оған итермелейтін алғышарттарды бақылай бастаңыз. Жоғарыда айтқанымыздай, импульсивті шығындар көбіне эмоционалды қажеттіліктің орнын толтырудан туындайды. Бірден сатып алуға деген құштарлық пайда болған кезде, себебін анықтауға тырысыңыз. Өзіңізге сыйлық па? Бағаныңды арттыру үшін бе? Әлде жай зерігу ме? Триггерлерді (шығынға апаратын жолдар) дер кезінде анықтау өзіңіз және әмияныңыз үшін дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

«сатып ал, қолдан және таста» деген иррационалды цикл қалыптасады. Мұндай ысыраптың басты салдары – табиғи ресурстарды шамалан тыс пайдалану. Бұл күндері дүкен сөрелеріндегі өнімдердің көптігі біз үшін қалыпты жағдай болып кеткен. Тапшылық, жетіспеушілік деген секілді ұғымдар келмеске кеткендей. Қарапайым көкөністер мен жеміс-жидектердің қайда және қалай өсірілетінін, ет-сүт өнімдерінің қалай жасалып, дүкенге қалай келетінін де білмейміз. Ол жайында басымдықты қатырғанымыз да көрмейді. Бізге қапталған, әдемі күйінде сөрде тұрса болды. Оның құрамы, қандай қоспалар қосылғаны жөнінде хабарымыз жоқ. Тіпті қазір көптеген өнімдердің құрамына химия араласқаны соншалық, таза, қоспасыз тағамның дәмін ұмытып қалғанымыз.

Шектен тыс тұтынудан арылып, қанағат табуға болады. Мұның кілті – әдеттерді түсіну және әрекеттерді бақылау. Ол үшін келесі кеңестерге назар аударыңыз.

2) Дұрыс қаржы әдеттерің қалыптастыруға ден қойыңыз. Сатып алатын заттардың тізімін жасаудың орнына қол жеткізіңіз келетін қаржы мақсаттарының тізімін жасаныз. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген:

* Қарызды өтеу және пайыздық төлемдерді азайту;

* Үй сатып алу, балаларға білім беру немесе отбасылық сапар сияқты ұзақ мерзімді мақсаттарға қаражат жинаңыз. Мысалы, сырттан тамақтанудың орнына, бұл ақшаны қол жеткізіңіз келетін маңызды мақсатқа бағыттан;

* Бюджетті жоспарлауды және оны ақылмен жұмсауды үйреніңіз. Кіріс-шығын есебін жүргізіп отырыңыз. Қажетсіз шығындарды азайтыңыз.

* Шығын кірістен аспасын. Ай сайынғы тапқан табысыңыздың 10-20 пайызын жинап отыруды әдетке айналдырыңыз. Бір-екі жылда ол үлкен қорға айналады. Осы мақсаттар жолында жұмыс істеу сізге қанағат сезімін сыйлайды және өмір сүру сапасын жақсарты алады.

3) Шүкірлік еміңіз. Өз көзқарасыңызды өзгертіңіз және қолыңызда бар нәрсені бағалаңыз. Күн сайын өмірдегі барлық нәрселер үшін (соның ішінде материалдық мүлік үшін) Жаратушыға шүкір етіп, ризашылық білдіруге уақыт бөліңіз. Бұл сізді қажетсіз нәрселерді қуудан құтқарады.

Біздегі бар нәрселер – кейбір адамдар үшін қол жетпес арман. Сондықтан материалдық жағдайы біздікінен жақсырақ емес, біздікінен нашарлау адамға қарайық. Бір күндік жейтін тамағыңыз, жататын жеріңіз, істейтін жұмысыңыз болса, сіз жер бетіндегі адамдардың 50 пайызына қарағанда байсыз деген сөз.

Қорыта айтқанда, гипертүтынудың алдымен ысырап екенін ұмытпауымыз қажет. Ал ысырап – Алла Тағалаға ұнамсыз іс. Құранда: «**Туысы жақындарға, мискіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласындар. Және мүлде ысырап қылмаңдар. Шынында ысырапкерлер шайтанның туысы. Ал шайтан, Раббыңа өте қарсы**» («Исра» сүресі, 26-27 аяттар), – делінеді. Ысырап өмірге береке әкелмейді. Ақшаны оңды-солды шаша беретін адам ешқашан қанағатқа қол жеткізе алмайды.

Екіншіден, гипертүтыну – тікелей қаржылық дағдарысқа апаратын жол. Шектен тыс тұтынатын адам өзінің қаржылық мақсатына қол жеткізе алмайды. Шығыны кірісінен көп болады, несиеден көз ашпайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз сөзінде: «**Үнемдеген адам қиындық көрмейді**» (Табарани), «**Құтқаратын үш нәрсе бар, оның бірі – бар кезде де, жоқ кезде де, байлықта да, кедейлікте де үнемдеу**» (Бәйһаки), «Үнемдеп жарату – күнкөрістің жартысы» (Дәйләми) деп ақшаны жұмсауда орта жолды ұстану қажет екенін және үнемдей білетін адам келелілікке ұшырамайтынын айтып кетті. Дүниені беретін де, алатын да – Алла Тағала. Егер біз бүгін өз мүлкімізді ысырап ететін болсақ, ертең бәрін жоғалтып, мұқтаж күйге түсеріміз анық. Біздің мүмкіндігіміз қаншалықты үлкен болса да, жеке және қоғамдық мүлкімізді ысырап етуге тыйым салынады. Адамзат ресурстарды негізсіз жұмсау салдарынан экономикалық қаражаттың жетіспеушілігін сезінуде. Шамалан тыс шығындар салдарынан мемлекеттер үлкен несие алуға мәжбүр болады және осылайша экономикалық дағдарысқа қол ашады. Өмір сүрудің қымбаттауы, қоршаған ортаның ластануы, табиғи қорлардың сарқуы – мұның бәрі көбіне қолда барды дұрыс пайдаланбаудың салдары.

Үшіншіден, гипертүтыну қоршаған ортаға залалын тигізеді. Адам көп тұтынған сайын сәйкесінше қорық та көбейеді. Қоқыстың 50 пайызы қайта өңдеуге жараспайды, сол себепті жылдар бойы ыдырайды. Ыдырағанның өзінде микробөлшектері ауаға ұшып, адамның денсаулығына зиянын тигізеді. Адамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін зауыт-фабрикалар екі есе жылдамдықпен өнім өндіреді. Олардан шыққан улы газдар табиғатты ластайды. Бәрі бір-бірімен байланыста. Сондықтан гипертүтыну адамның тұтынуға қалам баспайық! Әр адам өзіне қажетті деңгейде ғана тұтынатын болса, әлем өзгереді. Адамның өмірге келуіне мақсаты – тек тұтыну ғана емес, ұлы істер жасау. Тұтыну – сол ұлы істерге жетуге септігін тигізетін көмекші құрал ғана. Ендеше, көмекші құралды өмірдің басты мәнімен шатастырмайық, бауырлар!

Әділет КӨПЕН,
ҚМДБ Жастар секторының
менгерушісі

ӘЛЕУМЕТТІК САНА ОРТАЛЫҒЫ КЕРЕК

Қазір елімізде етегін кең жайып таралып бара жатқан әлеуметтік дерт бар. Ол – құмар ойын өлегі. Адам бойынан оның белгілерін анықтау тіпті қиын емес. Егер әлдебір танысыңыз қарызды көп сұрайтын болса өрі онысы 30, 50 мыңдықтар болса және сұрау жиілігі аптасына екі-үш реттен тындаса, күдіктене беруге өбден болады. Олар едетте «кәсіби» жолын бүкмекерлік кеңселерден бастап, ауруы осықанда казино, ойынханалардың төрінен бір-ақ шығады. Сосын «карьерасы» шырқау шыңына жеткен кезде ойынхана күзетшілері өлгі бишараны сүйреп, шығарып тастайды.

Өзіміз бас сұға бермеген соң білмейміз, бірақ қазір бүкмекерлік кеңсеге барушылар сирек болса керек. Себебі матчтарға ақша тігу процесін әлдеқайда жеңілдетіп тастаған сан алуан мобильді қосымшалар мен сайттар бар. Адамдар солардың көмегімен-ақ, тіпті қолданып жүрген банк қосымшасы арқылы да ұтыс тігіп отыра береді. Бірде ұтады, ал бірде ұтылады. Кейін таразы басы біржола ауып, өнкей ұтылысқа кезігеді. Таныс сценарий. Таныс дейтініміз, көп жақынның тап осындай қиғаш қылықтан зардап шегіп жүр. Өзі ғана емес, дос-жараны, туған туысы зәрепаз күйге түскен. Баласының миллиондаған қарызынан үйін сатып, көлігін сатып, несие алып құтылып жүрген қаншама ата-ананы білеміз. Сырын ішке бүгіп, білдірмегенсиді. Бірақ бәрі де айқын, бәрі де белгілі.

Құмар ойын тұзағына түскен мұндай адамдарды ойынқұмарлық дертінен арылтып, түзу жолға түсіретін түрлі сауықтыру орталықтар да бар. Төнді емес, жанды емдеумен айналысатын мұндай орталықтардың бар екені куантанды. Бірақ сондай мекемеде үш ай жатып та еш нәтиже шығара алмаған жігітті көрген соң, адамның санасы түзелмесе бәрі де бекер екен ғой дестік.

Ойынқұмарлыққа шалдыққан жігіттердің (көбі жас жігіттер) мінез-құлқы, өмір сүру салты да ұқсас болып келеді. Әуелі айнала таныстың бәрінен қарыз алады. Ұтылып, қарыз үстіне қарыз жамайды. Енді оның берешегінің бәрін қайтаратын шамасы жоқ, сосын жұрт көзінен тасаланады. Жақындары әлгіні екі күннің бірінде таппай сенделеді. Бұдан күдерін үзген банктер енді кепілге қалдырған нөмір иелеріне хабарласып, қарызды қайтаруға міндеттеп жатады. Мінез-құлқы біржола оңашаланған, елмен араластығы азайған әлгі жігіт дәл бұлай тұйықталу арқылы осы қиындықтан қалай шықсам екен деп жүрген жоқ. Тағы да ебін тауып қарыз алып, осыған дейінгі ұтылысты бірнеше матчтың есебін дәл табу арқылы шығарып алғысы келіп жанталасып жүр. Соған қарап бұл өзі емделмейтін дертке айналып кетті ме деп алаңдайсың.

Мәжіліс депутаттары Ләззат Рамазанова мен Екатерина Смышляеваның хабарлауынша, қазір елімізде ойын тұзағына түскен азаматтар саны 350 мыңға жеткен. Бұл бәлкім ресми есепке алынғаны ғана шығар. Есепке кірмей, еркін жүргендері қаншама. Тағы бір атап өтер жайт – банктердің бүкмекерлік кеңселермен серіктестік орнатуы, тиісінше бұл келісімнің де ойын бизнесін өршітіп тұрғаны. Әрине қаржы институттары қандай мекемемен келісімге келу керектігін өздері шешеді. Олардың басты мақсаты пайда табу болғандықтан, табыс түсіретін кез келген салауатты шешімнен бас тартпайды. Біздің екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшасы арқылы бүкмекерлік компаниялар шотын ақшамен толықтыруға болады. Өз жүйесіне бірде бір бүкмекерлік кенесін тіркемеген жалғыз қаржы ұйымы – Налуқ Банк қана.

Біздегі «Ойын бизнесі туралы» заңда жеке тұлға өтініш жіберу арқылы өзін белгілі бір мерзімге дейін бәс тігуден шектей алады деп көрсет-



тілген. Алайда бұл – абсурд. Ойынның қызығына кірген бәс тігуші өзін шектей алмайды. Шектей алған болса, айналамызда толып жүрген ойынқұмарлар қайдан шықты? Сондықтан бұл ретте ойыншы өзін-өзі емес, мемлекет оларды шектейтінді тегіс қажет. Ең құрығанда белгілі бір бәс сомасынан артық ақша қол алмайтындай ереже қабылдаса. Қазір кез келген азамат банктерден немесе микроқаржы ұйымдарынан ұсақ займ ала алады. Оны алады да, бүкмекерлік кеңсенің аузына апарып құяды. Арғы жағы аян, тағы да ақшасыз қалмақ. Бірақ ауызданған лудоманға бұл да бөгесін емес. Енді басқа қаржы институтын жағалайды. Сөйтіп айналырған бірнеше ай ішінде өзі де төлем қабілеті нөлге тең қарыз алушыға айналады. Бірнеше жылға бөлініп тасталған несиесі де төленбейті. Соңында екі тарап та зиян шегеді. Азамат қарызын төлей алмайды, оның салмағы туыстарына түседі. Тиісінше банкте, не болмаса микроқаржы ұйымында төленбей тұрған берешек, яғни стрестік қарыз көлемі артады. Сондықтан банктер өздері де зиян шекпес үшін, өзгенің де тағдыры ойран болмас үшін бүкмекерлік кеңселермен келісімді тыйса, ең болмағанда ұтыс сомасының шекті мөлшерін белгілесе деген ұсыныс бар.

Сондай шекті сома белгілеген банктің бірі – Home Credit Bank. Аталған банктің мобильді қосымшасы арқылы бәс тігуші 150 мың теңгеден

артық қаржы сала алмайды. Осы бастаманы өзге банктер де қабылдаса жөн болушы еді. Дегенмен өз басым бұған сене алмаймын. Өйткені қазіргі заман – бүкмекерлік кеңселердің салтанат құрып тұрған заманы. Тіпті спорт шараларының да (оның ішінде футболдан Қазақстан чемпионаты да бар), спорт трансляцияларының да, YouTube-тегі жекелеген жобалардың да өдеушісі – азулы бүкмекерлік компаниялар. Оларды нарықтан ығыстырып тастауға бизнес мүдделі емес. Сонда біздің алдымызда бір ғана жол қалады. Ол – адамдарды тәрбиелеу. Бәлкім терең социологиялық зерттеумен айналысатын әлеуметтік орталықтар құрып, ол жерге ең білімді, білікті әлеуметтанушыларды тарту қажет шығар. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Отбасының цифрлық картасы» деген жоба енгізіп жатыр. Мүмкін соның аясында тап осы проблеманы қарастыру орынды болар. Мемлекеттің басты байлығы адамдар дейтін болсақ, мемлекет осындай қысылтаң кезде басты байлықты сақтап қалуға күш салуы тиіс. Адами сананың денгейін көтеру, еңбек нарығын күшейтеу, еңбек қауіпсіздігіне мән беру, жайлы экономикалық орта қалыптастыру – дәл қазіргі Жана Қазақстанның ең бірінші кезекте атқаруы керек жұмыстары дер едік.

Абай ҚАЗБЕКҰЛЫ

КӨРЕГЕНДІК – ХАҚТЫҢ НҰРЫ

КӨРЕГЕНДІК – АЛЛА ЖОЛЫНА ТҮСКЕН ЖАНДАРҒА БЕРІЛЕТІН ХАҚТЫҢ НҰРЫ. АЛЛА ТАҒАЛА ОСЫ НҰР АРҚЫЛЫ ОЛАРДЫҢ СЕЗІМ ПЕРДЕСІН АШАДЫ. БҰЛ ОЛАРҒА НӘПСІМЕН КҮРЕСУ, АЛЛАНЫ ЕСКЕ АЛЫП, ОНАША ҚАЛУ ЖӘНЕ ЗІКІР АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ. ИМАМ ӘЛ-ҒАЗАЛИ (АЛЛА ОНЫ РАҚЫМЫНА АЛСЫН) БЫЛАЙ ДЕГЕН ЕКЕН: «ЖҮРЕКТІҢ ТАЗАЛЫҒЫ МЕН КӨРЕГЕНДІГІ ЗІКІР АРҚЫЛЫ ПАЙДА БОЛАДЫ. БҰЛ ДЕҢГЕЙГЕ ТЕК АЛЛАДАН ҚОРҚЫП, ТАҚУА БОЛҒАНДАР ҒАНА ЖЕТЕ АЛАДЫ. ТАҚУАЛЫҚ – ЗІКІРДІҢ ҚАҚПАСЫ. ЗІКІР – КӨРЕГЕНДІКТІҢ ҚАҚПАСЫ. КӨРЕГЕНДІК – ҮЛКЕН ЖЕҢІСТІҢ ҚАҚПАСЫ. ЕҒ ҮЛКЕН ЖЕҢІС – АЛЛА ТАҒАЛАҒА ЖОЛЫҒУ».



Көреген адам жүрегі арқылы көзбен көре алмаған нәрселерді көреді. Өйткені көреген, тақуа пенделер айналаға Алланың нұрымен қарайды. Ғұламалар көрегендік жүрекке қатысты іс екенін айтқан. Егер жүрек нұрлы болса, көп жағдайда оның көрегендігі қателеспейді. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Мүминнің көрегендігінен сақ болыңдар, өйткені ол Алланың нұрымен қарайды*» деген хадисі — осының дәлелі.

Көрегендіктің деңгейі Алланы танудың және Аллаға жақындаудың деңгейіне байланысты болады. Пенденің Аллаға жақындағаны артқан сайын, оның көрегендігі де ақиқатқа айналады. Адам баласының рухы Аллаға жақын болған сайын, оған ақиқат қана көрінеді.

Көзін харамнан, нәпсісін жамандықтан тыйған, ішкі жан-дүниесін Алла Тағала бақылап тұр деген сеніммен тазарта білген және тек адал ас ішіп-жеген адамның көрегендігі мен аңғарымпаздығы ешқашан қателеспейді. Көзін харамнан тия алмаған адамның жүрегінің айнасы да тот басып, қараңғыланып кетеді. Адам баласы егер сыртқы сезімдерінен ішкі сезімдеріне ауыса алса, тән рахатын ғана көздеген нәпсісін рухына жеңдіреді. Ал рухтың шынайы табиғаты — нәзік әрі көреген. Міне, соның нәтижесінде көрегендік қасиеті пайда болады.

Көрегендік — Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалған шынайы мұра. Ол мұраға сөзі рәс, ісі адал және жүрегі таза сахабалар ие болған еді. Хақ елшісінің көрегендігі оған Алла тарапынан берілген мұжиза еді. Ал сахабалар мен олардан кейінгі буынның көрегендігі керемет деп аталады. Әнас ибн Мәлік (Алла оған разы болсын) былай деген: «Намазға тұрған кезімде Пайғамбарымыз бізге жүзімен бұрылып: *«Саптарыңды түзеңдер, тығыз тұрыңдар. Өйткені*

мен сендерді ту сыртымнан көріп тұрамын». Ол тағы бір сөзінде былай деген: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Зайдты, Жафарды және Ибн Рауаханы шайқасқа жіберіп, туды Зайдке сеніп тапсырды. Олардың үшеуі де жан тапсырып, қаза болды. Бұл хабар жетпей тұрып Пайғамбарымыз адамдарға олардың қазасына көңіл айтып былай деді: *«Туды Зайд көтерді де қаза болды. Содан соң туды Жафар көтерді де, ол да қаза тапты. Содан соң туды Абдулла ибн Рауаха алды да, ол да жан тапсырды (бұл сөздерді айтқан кезде Пайғамбарымыздың қос жанарынан жас парлап тұрған еді). Содан соң туды бұйрықсыз Халид ибн Уалид алды да, жеңіске жетті»*. Бұл сөздерді Пайғамбарымыз Мута шайқасы болған күні айтқан еді.

Сахабалардың (Алла олардың бәріне разы болсын) көрегендігі жайлы айтар болсақ, Әбу Бәкір Сыдықтұғ (Алла оған разы болсын) сыдық, яғни өте шыншыл екеніне Алла Тағала Өзі күәлік берген. Алла тарапынан ақиқатты әкелген Пайғамбарымыз болса, оны ең алғаш болып растаған жан осы Әбу Бәкір еді. Оның өзге сахабалардан артықшылығына дәлел болатын оқиғалар өте көп. Солардың ішінен Әбу Бәкірдің қасиетін баяндайтын бір ғана оқиғаны айтып өтсек.

Уруа (Алла оған разы болсын) әкесінің Айша (Алла оған разы болсын) анамыздан естігенін былай деп баяндайды: «Әбу Бәкір өлім тесегінде жатқан кезінде Айша анамызды шақыртып, оған былай деді: «Отбасымда мен үшін сенен асқан сүйікті жан жоқ. Мен саған байлықты да келділікті де еш қорықпастан тілей аламын. Мен саған Медина қаласының жоғарғы жағында орналасқан 20 пұт шамасында өнім беретін жер телімін сыйға тартқан болатымын. Егер сен ол жерге бір жыл құрма еккенінде, сенің меншігіңе өтер еді. Шын мәнінде бұл — мұра-

герлердің меншігі берілетін күн. Ол жер сенің екі інің мен екі сіңліңе тиесілі. Сонда Айша анамыз: «Менің сіңілім біреу ғана, Асма емес пе?» — деді. Сонда Әбу Бәкір былай деді: «Жатырда жатқан бір сәби бар. Маған оның қыз болып туатыны мәлім. Оған жақсы қарап, қамқор бол». Осыдан кейін Умуму Гүлсум өмірге келді».

Ғалымдар бұл оқиғада Әбу Бәкірдің (Алла оны рақымына алсын) екі кереметі баяндалғанын айтады. Біріншісі — бұл аурудың соңы өліммен аяқталарын білуі. Сондықтан да «шын мәнінде, бұл күн мұрагерлердің меншігі берілетін күн болып есептеледі» деп айтқан. Екіншісі — келесі перзентінің қыз болатынын, сонымен қатар қызы Айшаға берген мұрасын қайтып алып, тек өзіне ғана тиесілі үлесін беретінін көңілін ауыртып жеткізе білуі.

Осман ибн Аффанның (Алла оған разы болсын) көрегендігі жайлы айтар болсақ, бірде оның алдына бір кісі келді. Ол жолда келе жатып бір әйелге көзі түсіп, сол туралы ойланyp келе жатқан еді. Осман ибн Аффан оған қарап: «Кей кісілердің екі көзінен зинаның әсері байқалып тұр», — деді. Әлгі кісі таңданысын жасыра алмай: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін де уахи келетін болған ба?» — деді. Сонда Осман ибн Аффан оған қарап: «Жоқ әрине, бірақ бұл иманды адамның көрегендігі», — деп жауап берген екен. Негізінде бұл қасиетін әлгі адамның қылығына деген жиркеніш пен тәртіпке салу мақсатында ғана көрсеткен болатын.

Әли ибн Әбүтәліптің (Алла оған разы болсын) көрегендігі жайлы айтар болсақ, ол Пайғамбарымыздың отбасында тәрбиеленді. Алла елшісі Мәдина қаласында мұсылмандарды бір-бірімен бауырластырған кезінде оған: «*Сен менің бауырымың. Харунның Мұсаға бауыр болғанындай деңгейде болғың келмей ме?*» — деген. Асбагтан (Алла оны рақымына алсын) жеткен деректе былай делінген: «Әлимен бірге келе жатқан болатынбыз. Хусайнның қабірі қойылған жерге келгенде Әли былай деді: «Бұл жерге олардың мінген түйесі тоқтайды. Осы жерден олар алыс сапарға аттанады. Осы жерде олардың қаны төгіледі. Мұхаммед сулетінен шыққан жас балалар осы жерде ажал құшады. Оларды жоқтап аспан мен жер жылайды».

Әли ибн Әбүтәліп (Алла оған разы болсын) Құра халқына: «Болашақта сендерден Пайғамбарымыздың отбасынан шыққан адамдар жәрдем сұрайды. Бірақ олар сендерден ешқандай жәрдем көрмейді» деген еді. Хусейнге қатысты оқиға кейіннен дәл сол жерде болған еді.

Көрегендік қасиет — өмірде қездесуі мүмкін құбылыс. Бұл — Алла Тағаланың сүйген пенделеріне берілетін ерекше қасиет. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Әрбір елдің көрегені болады. Оны тек қасиетті жандар ғана байқай алады*» деген.

Көрегендік қасиетке жетудің бірінші жолы — көзін харамнан тияу. Алланы көріп тұрғандай немесе Алла мені көріп тұр деген ихан арқылы өзін қатан бақылауда ұстап, ішкі жан-дүниесін әсемдей алған, нәпсісін күмәнді істерден, көзін харамнан тыйған және тек адал ас ішіп әдеттенген адам көрегендік қасиетке қол жеткізбек. Осы айтылғандарды орындай алған адам ақиқатты жүрегімен сезеді.

Күнә мен кемшіліктерден тазару деңгейіне байланысты адам баласының жүрегі әр алуан болады. Жүрек те шыны секілді. Тазарған сайын бағасы арта түседі. Бағасы қымбат шыны арқылы әдетте көзге көрінбейтін микробтарды көруге болады. Қарапайым терезенің шынысы мен жоғары оптикалық микроскоптардың шынысы бірдей емес. Сол секілді түрлі күнәдан тазарған жүрек пен күнәға белшесінен батқан жүректі салыстыруға келмейді. Алла Тағала баршамызды аңғарымпаз тақуа пенделерінен етпей. Әмин!

Естай АЙТУҒАНҰЛЫ,
Қарағанды облысының бас имамы

ЖАҚСЫМЕН ЖОЛДАС БОЛУ – ЖАННЫҢ ШИПАСЫ

ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ДОСТЫҚТЫҢ ӨСЕРІ ӨТЕ ҮЛКЕН. АДАМ БАЛАСЫ ДОСЫНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТЕРДІ ӨЗ БОЙЫНА ДА СІңІРЕДІ. КІМ-КЕЛГЕН АДАМ ҚОҒАМДА ӨМІР СҮРЕТІНДІКТЕН, АЙНАЛАСЫНДА ДОСТАРЫ МЕН ҚИМАС ЖАНДАРДЫ БОЛАТЫНЫ – ТАБИҒИ ЖАҒДАЙ. ДОСЫ ЖАМАН АДАМНЫҢ МІНЕЗІ ДЕ, ӨЗІ ДЕ БҰЗЫЛА БАСТАЙДЫ. УАҚЫТ ӨТЕ КЕЛЕ ӨЗІ СЕЗБЕГЕН КҮЙДЕ ДОСЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БОЙЫНА СІңІРІП ОТЫРАДЫ. НӘТИЖЕСІНДЕ ҚИМАС ДОСЫМЕН БІРГЕ ҚҰРДЫМҒА КЕТКЕНІН БАЙҚАМАЙ ДА ҚАЛАДЫ.

Ал таңдаған достары игі жақсы, иманды, тақуа, Алланы таныған, тура жолдағы жандар болса, өзі де солармен бірге күн санап жоғары қарай өрлей береді. Бойына жақсы адамдардың ізгі қасиеттері, имандылығы, игі сипаттары және иләһи танымдары дари бастайды. Осылайша ол сүйкімсіз мінезден де, нәпсінің жетегінде кетуден де құтылады. Міне, сондықтан да кез-келген адам айналасындағы достары арқылы танылады.

Сахабалар надандық дәуірінің қараңғылығында жүрген кезінде Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сұхбаттас болып, достасу арқылы биік белестерді бағындыра алды. Ал олардан кейін келген тартыңдар сол сахабалармен сұхбаттас болып, достасу арқылы ұлы абыройға кенелді. Алла елшісінің пайғамбарлығы Қиямет күніне дейінгі бүкіл дәуірді қамтитын болғандықтан, оның мирасқорлары да бар. Олар — Пайғамбардан білім мен көркем-мінезді, имандылық пен тақуалықты үйренген және Алла Тағаланы таныған ғұламалар. Олар — Алла Тағала жолына шақырған Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ізін басқан ізбасарлары. Олардың қасында жүрудің өзі жүректенді нұрға бөлейді. Олардың сонынан ергендер Ислам дінінің насихатшылары саналады. Сахабаларға бір қарыс жақын-даған адамның өзі Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) байланысы бар адам саналады.

Сахабалардан білім нәрімен сусындыған адам пайғамбарлықтың бұлағынан нәр алғандай болады. Мұндай ізбасарлар Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үлгісін өміріне өнеге еткен, дінің нағыз насихаттаушысы болып саналады. Міне, осындай қасиеттерді бойына сіңірген ізгі адамдар туралы Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі былай деген: «*Үмбетімнің ішінде үнемі шындықтан айнымайтын әрі қияметке дейін оларға дұшпандары қиянат жасай алмайтын бір топ болады*». Қанша уақыт



өтсе де олардың жан-жағына тигізетін жақсы әсері жер бетінің барлық жерінде үздіксіз жалғасалды. Тура жолға бастаушы сол мирасқорлармен сұхбаттасу — жан дүниенің шипасы. Олармен достасу — нәпсі дертін түзетудің, мінез-құлықты көркем етудің, жүректенге сенім ұялатып, иманды күшейтудің іс жүзіндегі ең тиімді амалы.

Алла жолында дос болудың маңызы жайлы қасиетті кітабымыз Құранда былай делінген: «*Әй, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар*» («Тәубе» сүресі, 119-аят). Шыншылдар дегеніміз — мүминдердің арасындағы таңдаулы жандар. Алла Тағала олар туралы былай деген: «*Мүминдердің арасында Аллаға берген уәдесін шындыққа шығарған нағыз ерлер бар*» («Әхзаб» сүресі, 23-аят). Тағы бір аятта: «*Бір Алланың ғана разылығын қалап, Раббысына ертелі-кеш дұға жасап, жалбарынатын мүминдермен қанында барынша сабырлы болып, табандылық танып. Қу тіршіліктің сән-салтанатына ансарын ауып, әлгі адамдардан көз жазып қалма. Бізді еске алмайтынды етіп өзіміз қаперсіз еткен, нәпсісінің қалауына ерген әрі бүкіл ісі шектен шыққан әлдекіме ерме*» («Кәһф» сүресі, 28-аят) делінген. Бұл аят үмбетіне білім үйретіп, тура жолға нұсқауға бұйырылған Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қаратыла айтылуда.

Мына аяттар баршамызды бей-жай қалдырмаc деп ойлаймын: «*Маған құштар адамдардың жолына түс*» («Лукман» сүресі, 15-аят). «*Сол күні залым: «Өтпеген, дүниеде әлгі пайғамбармен бірге бір жолға түскенімде гой! Қап, өтпеген-ай, өзіме де обал жоқ! Пәленшені дос тұтпай-ақ қойсамшы! Маған жеткен тағылым-насихатқа толы Құраннан мені алыстатып, адастырған сол» деп аһ ұрып, бармағын шайнайды. Расында шайтан адам баласын үшін опасыз болады*» («Фұрқан» сүресі, 27-29-аяттар).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла жолында жақсы дос таңдаудың маңызы жайлы былай деген: «*Жақсы дос пен жаман достық мысалы — әтір сатушы мен от үрлеушінің мысалындай. Әтір сатушыға келер болсақ, не ол саған сыйлық жасайды, не сен одан бір нәрсе сатып аласың, не одан шыққан кезде хош иісті сезесің. Ал от үрлеуші ұстаға келсек, ол сенің киіміңді күйдіреді немесе одан шыққан кезде сасық иісті сезесің*». Ибн Аббастан (Алла оларға разы болсын) жеткізілген риуаятта Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Достарымыздың қайсысы қайырлы?» деген сұрақ қойылды. Сонда Пайғамбарымыз былай деп жауап берді: «*Ондай адамды көрудің өзі саған Алланы есіңе түсіреді. Оның айтқан сөздері ізіі амалдарды арттыра түседі. Ал оның жасаған амалы саған ақыретті есіңе түсіреді*».

Әбу Хурайран деген жеткізілген хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «*Адам қимас досының дінінде болады. Сондықтан әркім өзінің досының кім екеніне қарасын*». Омар ибн Хаттабтан жеткізілген хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Алланың құлдарының арасында бір топ бар, олар пайғамбарлар да, шейіттер те емес, Қиямет күні Алла алдындағы дерезесінің жоғары болғанына байланысты пайғамбарлар да, шейіттер де оларға қызығады» дейді. Қасындағылар: «Уа, Алланың елшісі! Олардың кім екенін айтыңыз!» — деп сұрағанда Пайғамбарымыз: «*Олар — араларында туыстық қатынас және бір-біріне берген дүние-мүлкі болмаса да Алланың разылығы үшін бір-бірін жақсы көргендер. Аллаға ант етпемін, олардың жүзі нұр. Халық қорыққанда, реңжігенде олар қорықпайды, реңжімейді*» деп, мына аятты оқыды: «*Біліңдер! Расында Алланың достарына қауіп-қатер жоқ әрі олар қайғырмайды*» («Жүніс» сүресі, 62-аят). Алла Тағала баршамызға жақсы дос таңдап, ізгілермен игі жолда өмір сүруді нәсіп етпей. Әмин!

Асан ТІЛЕУБЕРДИЕВ,
«Омар ибн әл-Хаттаб» мешітінің имамы

Алматы қаласы

● ЕЛ ІШІНЕН ЕКІ СҰРАҚ

ӘМЕНГЕРЛІК САЛТЫН ШАРИҒАТ ҚҰПТАЙ МА?

Қазақ қоғамында ерте заманнан «ерден кетсе де, өлден кетпек жоқ» деген қағидаға сәйкес, жесір қалған әйелді қайынына немесе қайын ағасына, не болмаса ет жақын туыстарының біріне қосып отырған.



Әрине, мұндай мәселе ру ақсақалдарының басқаруымен қандас туыстар арасында мүқият талқыланған, ортақ ұйғарыммен шешілген. Әйелдің де таңдауы ескерілген. Осы арқылы асыраушысынан айырылған отбасы балалары бөтенге жалтақтамай, өз туысының қамқорлығында өскен. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» кітабында бұл жағдайды былай түсіндіреді: «Мұның ауыр қиынат боларын қазіргі жақсы түсінген. Сондықтан аталған факторларды ескере отырып, қазақ ғұламалары «Жеті жарғы» нормаларында ері қайтыс болған жесірдің «елден кетпейін», күйеуінің қандас туыстарының біріне күйеуге шығуын міндеттеген. Қазіргі тапқан еркектің туған-туыстары жесір әйелдің «әменгері» деп аталған. Қазақ қоғамында әменгерліктен бас тарту сирек кездескен, ол өзінің туысының жетім қалған балаларына, яки өзінің қандас іні-қарындас-тарына мейірімсіздік, жаныашымастық ретінде бағаланған. Ал әйел әменгерліктен бас тартса, оған бала да, мал-мүлік те берілмеген, тек өз қалауымен күйеуге шығу еркі ғана берілген».

Шариғат бойынша жесір қалған әйелдің марқұм жолдасының аға-інілерінің біріне тұрмысқа шығуына тыйым жоқ. Сахабалар мен табиғиндердің арасында мұндай некелер өткізілген. Мәселен, Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жиен немересі Уммі Гүлсім, оның күйеуі Мұхаммед ибн Жағфар кайтыс болғанда, оның туған бауыры Абдулла ибн Жағфарға тұрмысқа шыққан (Алла олардан разы болсын). Сол себепті мұндай неке шариғат бойынша да, жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан да құпталды.

ҚАЙЫН АТАНЫҢ КЕЛІНІНЕ ҮЙЛЕНУІ ДҰРЫС ПА?

Қасиетті Құранда үйленуге тыйым салынған жұптар туралы егжей-тегжейлі баяндалған. Соның ішінде баласынан жесір қалған әйелге үйлену жайында: «Сондай-ақ сендер үшін бел балаларының жұбайларына үйлену харам етілді», — деп ашық айтылған («Ниса» сүресі, 23-аят). Сол себепті шариғат жесір қалған әйелді қайын атасына қосуға тыйым салды.

Ислам дінінде үйленуге байланысты тыйымды екіге бөліп қарастырады. Олар — өмір бойы үйленуге тыйым салынған және уақытша тыйым салынған жағдайлар. Құдандылық туыстық өмір бойы үйленуге тыйым салынған санатқа жатады. Олар төрт топқа бөлінеді:

1. Ер азамат қайын анасына (зайыбының анасына және әжесіне) үйлене алмайды.
2. Үйленіп, араларында төсек қатынасы болған зайыбының бұрынғы күйеуінен тапқан қызына (өгей қызына) ер кісінің үйленуі дұрыс емес.
3. Қайын атаның жесір қалған келініне (ұлының жұбайына) және немере келініне (немересінің жұбайына) үйленуі харам етілген.
4. Ер адам өз әкесінің және атасының жұбайларына (өгей аналарына) ешқашан үйлене алмайды («Фәтәуа Хиндия», 1/339).

Демек күйеуі қайтыс болған әйелдің өз қайын атасына тұрмысқа шығуға шариғатымыз рұқсат бермейді. Олардың қиған некесі дұрыс болып есептелмейді. Неке қиған кезде (үйленгенде) міндетті түрде шариғат тәртіптері мен шарттары сақталуы тиіс. Шариғат талабына сай қиылған неке дұрыс әрі қайырлы болады. Сонымен қатар неке кию тәртібі әр ұлттың өз дәстүріне қайшы келмегені дұрыс. Қазақ еш уақытта ер адамның өз келінімен некелесуіне жол берілмеген.

Дайындаған
Хасан АМАНҚҰЛ

ӘЛИХАНҒА ДУМА САЙЛАУЫНДА КІМДЕР ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ?



(Басы 1-бетте)

Ережеге сәйкес облыстық сайлауға қатысу үшін әрбір болыстан екі таңдаушы сайланады делінді. Мемлекеттік Думаға сайлау бойынша жұмыс атқаратын қалалық және уездік комиссиялардың құрамы анықталды. Бірақ та Мемлекеттік Думаға облыстардан бөлінген орындардың ұлттық құрам тұрғысынан алғанда тең болмағанын зерттеушілер, оның ішінде белгілі алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев ашып көрсетеді.

Мемлекеттік Думаға сайлау үшін ұсынған таңдаушылар туралы мәлімет бүгіндері жоқтың қасы. «Семипалатинские областные ведомости» газетінің 1906 жылдың 27 сәуіріндегі санында, 23 сәуірде Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысында таңдаушыларды сайлаудың өткені айтылған. Осы сайлауда Тоқырауын болысының тумасы ретінде сайлаушы болу құқығын Әлихан Бөкейхан иеленген. Бұған байланысты «Семипалатинские областные ведомости» газеті 1906 жылы 4 маусымда Әлихан Бөкейханның Тоқырауын болысының №7 ауылынан сайланған заңды түрдегі таңдаушы екендігі туралы телеграмма жариялаған.

1906 жылдың 5 маусымында Әлихан Бөкейхан Семейге келді. Бірнеше күннің ішінде облыс орталығына уездерден сайланған 184 таңдаушының 176-сы келіп жеткен. Бұлардың бірінші жиналысы 10 маусымда «Халық үйінде», сағат 12-де басталды. Жиналыстың төрағасы Темірғали Нүрекенов болған. Жалпы сайлаушылардың жиналысы 5 күнге, маусымның 10-нан 14-не дейін созылған. Сөйлеушілер халықтың тағдырлық мәселелерін көтерген. Алғашқы күні сөйлеген Әлихан Бөкейханнан басқа, кейінгі күндерде Шәкәрім Құдайбердин, Ілияс Жанғарин, Сәдуақас Шорманов, Қызыл-молда Көкөзов, Ақатай Әлиханов, Отыңшы Әлжанов, Иманбек Тарабаев, Қолбай Төгісов, Ахмет Тышқанбаев, Әубәкір Құрманов сияқты депутаттар екі немесе үш реттен де сөйлеген. Өскемен уезінің Сұлусары болысынан келген таңдаушы Қайрамбай Тоқтыбаев Мемлекеттік Думаның мүшелігіне сайлануға Әлихан Бөкейханды ұсынды. Бұл ұсынысқа бірде-бір адам қарсы болмаған. Нәтижесінде Әлихан Бөкейхан таңдаушылардың дауысын бір өзі алды. Бұл көрсеткіштің осылай болуы бір жағынан, сол кезінде Семейге жиналған таңдаушылардың ауызбіршілігін қалыптастыруға үлкен мән берген Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты және т.б. ел сөзін ұстаған, ықпалды тұлғалардың, қазақ халқының басына төніп келе жатқан, болуы әбден мүмкін, ұлт ретінде жойылуға әкелетін жойқын өзгерістерді түсінудерінде жатты. Бұлар өртең Ресейдің Мемлекеттік Думасының мүшесінен туған халқының мүддесін қорғай алатын адамды таңдаған.

Қалай десек те, Әлихан Бөкейхановты бір кісідей сайлайтын жағдайды қалыптастырудың да оңай болмағаны байқалады. Ол заңдылық еді. Себебі кең байтақ облыстың түкпір-тікпірінен келген таңдаушылардың Әлиханға естіп билсе де, жеке тұлғалық қасиеттерін білмеуі әбден мүмкін болатын. Сондықтан да таңдаушылармен бетпе-бет кездесіп, оларға өзінің шын мәнінде кім екенін білдіру Әлихан Бөкейхан үшін қажеттілік болды. Әлиханның өзі бұл туралы: «...Таңдаушы болып бүкіл облыс аумағынан құрметті ақсақалдар, қажылар және жас байлар сайланды. Таңдаушылар жергілікті жерлерде қоғамдық және саяси істермен айналысып жүрген тұрғындар тобының өкілдері болатын. Сайлауға екі күн қалғанда Өскемен және Зайсан таңдаушыларының арасында менің кандидатурама қарсы, өзін сайлауды ұсынып, үгіт таратып жүрген кәрі доктор казак туралы естілді. Кешке қарай сол доктордың жездесі С.Шормановтан өзінің үйіне қонаққа келуге шақыру алдым. Маған достарым онда бармауды ұсынды. Бірақ мен, Мемлекеттік Думаға сайлануға кандидат өз таңдаушыларынан қашпауы керек дедім де, Шормановтарға тарттым. Онда негізінен бірінші жұртшылық: молдалар, қажылар және ақсақалдар, жиыны қырық шақты кісі жиналыпты. Олар менен дінге қалай қарайтынды және Мемлекеттік Думада казактардың діни мүддесін қалай қорғайтынды тәрізінде сұралды, нағыз тергеу жасады. Біздің әңгімесіміз таң атқанға дейін созылып, өскемендік қажы Қайырбайдың (Қайранбай деп оқыңыз — авт): «Ертең Әлихан сайламаған әйелінен айырылсын және кәпір болып кетсін» деген

тұжырымды батасымен аяқталды» деп еске алады. Осы жерде Әлихан айтып отырған «кәрі доктор казак», түбі Баянауылдың тумасы, ол кезде Өскемен уезінде дәрігер болып істейтін, өз заманының ерекше тұлғаларының бірі, Міржақып Дулатов: «Өскемен үйезінде Әміреден өзге зиялы адам жоқ. Соның ақ дегені алғыс, кара дегені қарғыс» деп айтқан Әміре Дүрменұлы Айтбакин болар деп шамалаймыз. Бұл сөзді Міржақып Дулатов 1918 жылы Алашорда үкіметінің атынан іссапармен Өскеменге барғанда ренішпен айтқан. Сол сияқты осы жерде Әлихан үшін сол бір шешуші сәтте оған батасын берген Қайранбай кім деген заңды сұрақ туады. Қайранбай қажы Тоқтыбайұлы бұрынғы Өскемен уезінің Сұлусары болысының Былқылдақ деген жерінде (қазіргі Жарма ауданы) туған, осында ер жеткен. Өзінің үлкен адамгершілігімен, әділдігімен дүйім елге сыйлы, ауқатты, қайырымды және сауатты адам болуымен жаксы аты қалған. Ол кісі жасында Қайранбай молда атанып бала оқытыпты. 1893 жылы өз қаржысына Былқылдақ деген жерде сол өңірдегі жастарды оқыту үшін медресе салғызады. Ол мұнымен ғана шектелмей, осы медресе жанынан қоғамдық негізде, балалар жатып оқитын Қалба өңіріндегі алғашқы интернатты да ашықсады. Кейіннен 1915 жылы осы медресе мен интернат негізінде мектеп ашылады. Қайранбай Тоқтыбайұлы 1914 жылы жанына үшінші ұлы Шәріпті алып қажылық ұрпақтарына өте ауыр болған. 1937-1938 жылдары Алаштың сойылын соққанның ұрпақтары, «халық жаулары» ретінде Қайранбайдың жеті ұлының ішіндегі Фазыл мен Сыдық ұсталып, атылған, ал Әди Шәріпов мейлінше қуғындалған. Әди ағаның артында отырған, бүгіндері көзі тірі сайыбы Клара Мыңжасарованың айтуынша, сол бата беруден кейін Әлихан мен Қайранбай арасындағы байланыс үлкен достыққа ұласқан көрінеді. «Әлиханды атамыз елге шақырып, қонақ жасапты, соны білетін үлкендердің кейінге дейін айтатынын өзім күәсі болдым» деп Клара Жағыфарқызы еске алады.

Сол бір қилы кезеңді еске түсіргенде, I және II Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде «Бір жағадан бас, бір женнен қол шығаруға» күш жігерлерін аямай Әлихан Бөкейханды және ортақ мүддені қорғаған қайраткерлердің ішінде Ахмет деген адамның аты аталады. Бұл Ахмет сол кездегі Семей өңіріндегі көрнекті тұлғалардың бірі — Ахмет Тышқанбаев деген азамат еді. Ахмет Тышқанбаевтың бүгінде көзі тірі немересі, кезінде жауапты партия, кенес, оқу-ағарту қызметтерінде істеген, Семейде тұратын, жасы тоқсанға келіп қалған Дүйсенбек Ахметов: «Ахмет Тышқанбаев бұрынғы Қарқаралы уезінің Дегелең болысындағы №4 ауылда (кейінгі Абыралы ауданының жері) дүниеге келіпті. Ескіше айтсақ, таракты боламыз. Атамыз Тышқанбай Қашақұлы заманында аты шыққан би болған. Үлкен әкем Ахметті гимназия оқыған, өте сауатты болған деп айтамын. Болыс та болыпты. Ол кісінің Әлихан Бөкейханға, басқа да адамдарға жақын болғанын және кезінде Алашордаға да малын малдай, киімді киімдей, ақшаны ақшадай беріп көмек жасағанын үлкендеріміз айғайлап айтпаса да, айтатын, олар әлі күнге дейін құлағымда» деп еске алады. Осы жерде қалай болғанда да Әлихан Бөкейханның бейсауат, жай адамды II Мемлекеттік Думаға ұсынбайтыны ойға оралады. Ахмет Тышқанбаевтың өз кезеңінің жарқын тұлғаларының бірі болғаны күмәнсіз. XX ғасырдың басындағы Қазак жерін қамтыған қоғамдық-саяси оқиғалардан байқайтынмыз, тәуелсіз ел болу нәмі азаттық идеясы қалың көпшілікті баурай түскен.

Мұхтарбек КАРИМОВ,
тарих ғылымдарының докторы



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ДАЛА ӨЛКЕСІНДЕГІ ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ

АЛАШОРДАНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ БОЛЫП САНАЛҒАН СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ МЕН ОНЫҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА 1905 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕН. МӘСЕЛЕН, 1905 ЖЫЛҒЫ ҚОЯНДЫ ЖӘРМӨҢКЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫН ҚОСТАУШЫЛАРДЫҢ ІШІНДЕ АУҚАТТЫ АДАМДАР КӨП БОЛҒАН. МӘСЕЛЕН, «ДЕЛО ОБ АГИТАЦИИ СРЕДИ КИРГИЗ КАРКАРАЛИНСКОГО И ПАВЛОДАРСКОГО УЕЗДОВ О ПОСЫЛКЕ В ПЕТЕРБУРГ ДЛЯ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ ОТ КИРГИЗСКОГО НАРОДА ПЕТИЦИИ ЦАРЮ» ДЕП АТАЛАТЫН ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙҒАНДАРДЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТТАРЫ КӨП БОЛДЫ (ҚР ОМА 64 ҚОР, 1 ТІЗІМ, 5658 ІС, 26-28 АРТ).

Аталмыш науқанды іске асыру барысында петицияны ұйымдастырушылар қырдағы халыққа беделді, сөзі жүретін ел ағаларына, байларға сенім артты. Осы саяси науқан Алаш қайраткерлері мен ұлттық буржуазия өкілдерінің тізе қосып қимылдаған алғашқы қаламы болғаны анық.

1905 жылғы Қарқаралы петициясынан бастап, Дала өлкесінде патшалық Ресейге деген қарсылықтар күшейе түсті. Әсіресе Алаш қайраткерлерінің Патша өкіметінің жергілікті билеушілеріне наразылығы және оған қарсы халықтың көңіл-күйін дайындауы қазақ ұлтының әлеуметтік-саяси оянуына негіз болды.

1905 жылы Ресей империясында қалыптасқан революциялық ахуалды жіті назарда ұстаған қазақ оқығандары ел арасына шығып, түсіндіру, құлақтандыру жұмыстарын барынша жүргізуге тырысты. Бұлар Әлихан Бөкейханның үзегілері Ахмет Бай-

тұрсынұлы, Жақып Ақбаев, Міржақып Дулатовтар еді. Сол кезде Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыдағы орыс-казак училищесінің менгерушісі болып қызмет атқарған. Осылардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының рөлі айрықша болғаны тарихи құжаттардан мәлім. Атап айтар болсақ, осы кезеңдегі полиция департаментінің Ахмет Байтұрсынұлына қатысты тергеу құжаттарында былай деп келтіреді: «Ахмет Байтұрсынұлы 1905 жылдан бері казактар арасында салық төлемеуге, қоныс аударғандарға жер бермеуге, жергілікті билеушілерге бағынбауға шақырған үндеулер таратқан» (Койгелдиев М. Қорғансыздың күнін кешкендер. Менің ғылымды өмірім: Монография. — Алматы: Арыс, 2019. — 304 бет). Осы құжаттағы дерекке назар аударатын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлының Дала өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың туыны, эволюциялық қалыптасуына ықпал еткен қайраткер екендігін көреміз.

Жақып Ақбаев Қарқаралы петициясынан кейінгі митингтерде «патшаға тіл тигізді» деген айыппен 1906 жылы 11 қаңтарда тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалды. Ал Ахмет Байтұрсынұлы Хасен Ақаев, Дүйсеке Жаманбаев, Қаражан Үкібаев сияқты алаш рухты көпестерден 7500 сом қарыз алып, Жақып Ақбаевты кепілдікке босатып алды. Ал 1906 жылғы тамыздағы сотта ол өзін өзі толық ақтап шықты (Жұртбай Тұрсын. Ұраным — Алаш: Түрме әңсанаы. 2-том. — Алматы. Ел-шежіре, 2011. — 464 бет). Алайда бұдан кейін де Жақып Ақбаевтың саяси көзқарасы мен іс-әрекеттері үшін істі болғаны тарихи құжаттардан мәлім. Жоғарыда келтірілген мәліметте де ұлт ұстазының саяси науқанның бел ортасында жүргенін аңғарамыз.

Ұлт ұстазына осындай саяси идеологиялық мәндей зор және



қауіпті істі атқаруда ел азаматтары айрықша қолдау көрсетті. Атап айтар болсақ, Қарқаралы өңірінің Хасен Ақаев, Ыбырай Ақбаев сынды және тағы да басқа ықпалды атқамінерлері ел арасында қозғалыстың таралуына ықпал еткені сөзсіз. Мәселен, Хасен Ақаев халықты жинап, жиналыстың өтуіне жағдай жасаған. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлына қатысты патша жандармериясының тергеу құжаттарында баса көрсетілген. Осы кезеңде Ресейдің ішкі өлкелерінен ағылып жатқан қоныс аударушылар мәселесі де қазақ қоғамындағы қарсылық сипатындағы көңіл-күйді қалыптастыруға себеп болды.

1909 жылдың I шілдесінде Қарқаралыдағы орыс-казак мектебінің менгерушісі қызметінде жүрген Ахмет Байтұрсынұлы қамауға алынды. Оған үкіметке қарсы үгіт жүргізді, казактарға автономия алып беруді ұсынған, саяси қылмыскер Жақып Ақбаевты құтқару үшін жиындар ұйымдастырып, қол жинады деген айыптар тағылған. «Саяси сенімсіз» деген желеумен бұған қоса жеті адам қамауға алынады. Олар Смақан төре, Ыбырай Ақбаев, Хасен Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сұлейменов, Смайл Бәйітенов болатын (Сырым Бөкейханов. Өткен күнде белгі бар: мемуарлар жинағы — Алматы, 2016. — 336 бет). Аса қауіпті саналған Ахмет Байтұрсынұлының Семейдегі түрмеге жөнелтеді де, «сыбайластары» саналған жеті адамды Омбы, Том, Орынбор сияқты Ресейдің ішкі жағына жер аударады. Тағдыр олардың бірлігін осындай қиын кезеңдерде сынады. Олар шынымен де Алаш қозғалысының белді өкілдері еді. «Семей губернаторының Қарқаралыдағы орыс-қырғыз мектебінің бұрынғы менгерушісі А. Байтұрсынұловқа қамауға алу мерзімін ұзарту туралы жеделхаттары бойынша» құпия кестенің I-тармағының №20 ісі. «Дала өлкесінде Ақпаев, Байтұрсынұлов, Бөкейханов, Ақаев, Райымбеков және басқалардың тұруына тыйым салу туралы. 1908 жылғы 29 қарашада басталып, 1917 жылғы 12 мамырда аяқталды (ҚР ОМА 64 қор, I тізім, 5832 іс).

Аталған жылдары Әлихан Бөкейханды Выборг үндеуіне қол қойғаны үшін Петербург соты оны 3 айға Семей түрмесіне қамап, артына Самараға жер аударды. Осы кезден бастап Әлихан Бөкейхан өмірінің Самара кезеңі басталды.

Генерал-губернатор кеңсесіне келіп түскен айыптаулар негізінен төмендегідей:

1) жоғарыда аталған А. Байтұрсынұлов Қарқаралы уезінің қырғыздары арасында үкіметке қарсы сепаратизмге үгіт-насихат жүргізді;

2) Ж. Ақпаевты Семей облысынан қайтару туралы үкімнің жоқарына әзірледі;

3) А. Байтұрсынұлы басқаруындағы автономия идеясын ұстанды;

4) салық төлеуден бас тартуды жүзеге асырған.

Қорыта айтқанда, қазақ қоғамында ұлт ұстазы деңгейіне көтерілген Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында қазақ ұлтының саяси сауатын ашып, ұлттық бірігу үдерісін бастап берді. Ұлттық бірігу айқын көрінісі — жоғарыда аталғандай ұлт зиялылары мен елдің ауқатты, абыройлы азаматтарының бірлесіп қимылдауы, халықты соңынан ерте алуы. Бұл шын мәнінде өткен тарихтан сабақ алған Алаш қайраткерлерінің эволюциялық күрес жолын таңдауы болатын. Алаш қозғалысы тарих сахнасына осылай келді.

Алаш қозғалысының бастауында тұрған ұлт қайраткерлерінің осы кезеңдегі қазақ мүддесін тұрғысында атқарған істері әлі де кешенді ізерлете зерттеуді қажет етері сөзсіз.

Еркін РАХМЕТҰЛЛИН,
Alikhan Bokeikhan University
«Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

(Басы 1-бетте)

Ғұлама жүзге жуық шығарма жазып қалдырды. Оның ішіндегі атақты еңбектері «Мәнхажуд-Дирайа фи-Фуруил-Ханафийа», «Әл-Фатауа», «Әл-Хасайл фил-Мәсайл», «Әл-Хасайл фи-л-Фуру», «Китабу Зәллату-л-Кәри», «Көйдул-Әуәбид», «Әл-Йакута», «Китабу-д Дайр фи-л-Фикһ», «Ақайл-Насафи», «Захира», «Әт-Тафсири-фит-тафсир», «Әрбайн-и Салмани», «Тарихи-Буқара», «Китаб-ул-Машари», «Китаб-ул-Канд фи улама-и Самарханди», «Тамхид», «Мажма-ул-улум» және т.б. еңбектері еді. Омар ән-Насафи осындай мол мұрасымен мұсылман әлемінде аса беделді ғұламаға айналды.

Ұзақ жыл бойы ғұмырын ғылымға арнаған Исламның жарық жұлдызы 1142 жылы Самарқанда қайтыс болды. Қайтыс болған соң оның ілім жолын Мәжд-и ан-Насафи, Әбу Ләйс Ахмад, Әбу Бәкір Ахмад Балхи, Бурханаддин Маргинани және т.б. шәкірттері жалғастырды. Оның шығармаларына мұсылман ғұламалары жүздеген түсіндірме (шарх) еңбектер жазды. Ислам теологиясын зерттеуші мамандар тарапынан әлі де жазылу үстінде.



НӘЖМИДДИН ӘН-НАСАФИ

ЖӘНЕ ОНЫҢ ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

ЭНИКЛОПЕДИСТ ҒАЛЫМ

Әбу Хафс Омар ән-Насафи тәпсір ілімі бойынша мұсылман әлеміне өзіндік ой-тұжырымы бар ғұлама ретінде танылған. Ол тәпсір әліснамасына қатысты еңбектер жазып, қатаң әрі берік қағидаларды ортаға қойды. Осы арқылы тәпсір ілімінде Құран ақиқатына сай емес теріс көзқарастардың айтылуын тоқтатпақ болды. Омар ән-Насафидің «Әт-Тафсири-фит-тафсир» атты шығармасы осы бағытта жазылған болатын. Ән-Насафи фикһ ілімі бойынша Ханафи мәзһабын дамытушы мәшһүр факихтердің бірі еді. Өзі жазған шығармаларда фикһ ілімін әдептілік қағидалармен әрлеп және біртұтастандырып, Ислам шариғатының қоғамдық ролін арттыруға барынша ықпал жасады. «Дінді танып білген мұсылман харамнан аулақ болып, өсім алмай сауда-саттық жасаса, мол табысқа кенеледі. Адал әрі берекетті табыс табуымен ұлт пен мемлекетке зор пайдасын тигізеді» деп, фикһ қағидаларын берік ұстанудың қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды екенін алға тартты.

Ол ақида ілімінде Орталық Азиядағы көшбасшы теологиялық мектеп — Матуриди жолын ұстанды. Ол бұл мектептің негізін салушы Имам Матуридидің көзқарастарын жүйелеп, жіктеп, түсіндірме еңбектер жазды. Соның ішінде ең атақтысы — «Ақайл-Насафи» рисаласы. Бұл шығарма кәләм ілімінің тақырыптарын түгел қамти отырып, бұқара халық үшін қысқа-нұсқа әрі қарапайым түсінікті тілде жазылуымен мұсылман қоғамында танымалдыққа ие болды. Ғұлама «Ақайл-Насафи» атты еңбегінде кәләм ілімінің өзекті деген тақырыптарын көтерді. Соның бірі ақиқатты танудың гносеологиялық негіздері туралы Имам Матуридидің көзқарастарын одан ары қарай дамытып, жана байламдарды ғылыми айналымға енгізді. «Ақайл-Насафи» шығармасында адам бойындағы сезіну қабілеттерін және діни эпистомологияны, сондай-ақ рационалды ойлауды дүниені танып-білудің негізгі құралы ретінде қарастырды.

БЕС ТҮЙСІК — АҚИҚАТ ЖАРШЫСЫ

Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи ақида тақырыбында Имам Матуридидің діни ұстанымын жалғаушы, жаңғыртушы тұлға еді. Мысалы, Имам Матуриди гносеология мәселесінде сезім мүшелерін «есту, көру, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу» деп бөліп, «олардың әрқайсысының өзіне тән функциясы арқылы белгілі бір мәлімет алынады. Ол — сезімді өз шартына сай пайдалануға байланысты» — деп тұжырымдаса, ән-Насафи де өз рисаласында имам Матуридидің көзқарастарын құптап, сезімді (хауас-и-салима) есту, көру, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу деп беске бөліп көрсетті. Терминді тілдік тұрғыда талдайтын болсақ, «хауас» сөзі — бес сезімді білдіретін «хис» сөзінің көпше түрі. «Сәлим хис» дегеніміз — ақаусыз және сау сезім мүшелері. Оларға есту, көру, иіс сезу, дәм сезу және сипап сезу. Осы бес сезім мүшесі өзіне тән мән-жайды сезініп, адам санасына ақпарат жеткізеді. «Хис-и-сәлим» (дұрысты бұрыстан ажырата білу қабілеті) — ғылымның қайнар-көздерінің бірі. Барлық ғылым салаларында бес сезім арқылы қабылданған ақиқаттар әрдайым ғылымның негізгі нысаны ретінде қарастырылған. Мысалы, Аристотель «Де Анима» (Китабун-Нафс) және «Де ет Сенсато» (әл-Хис уәл-махусе) атты шығармаларында рухтың ақиқатқа қол жеткізуін талдау кезінде табиғи-органикалық дененің әлеммен байланыстыратын бірінші күш-қуаты ретінде сезім мүшелерінің қабілетін негізге алған. «Әрбір сезімнің өз объектісі бар. Естудің нысаны —

дауыс, көрудің нысаны — түс-реңктер. Болмыстағы іс-әрекеттер, түрлі түстер, көлем, сан секілді мәліметтер сезім мүшелерімен қабылданады. Әрбір сезім мен оның нысаны арасындағы қажетті табиғи байланыс орнатылғандықтан, сезім түйсінген шындықты жоққа шығара алмайды» дейді Аристотель. Антика мектебінің тағы бір ірі өкілі Платон: «Сезім мүшелерінің тәжірибелері тек қана ой-пікір туындатады. Толық түсінік қалыптастырмайды. Танымдық мәліметке ұдайы өзгерісте болатын сезімдер емес, ақыл арқылы ғана қол жеткізе аламыз», — деп ақылды алға шығара отырып, сезім мүшелерінің ролін де жоққа шығармайды. Платон мен Аристотельдің сезім мүшелерінің ақиқатты танудағы ролі туралы толғаныстары әллі-сүннет ғұламаларының көзқарастарымен толығымен қабыспаса да, сезімнің ақиқаттығын жоққа шығарған софистердің ұстанымына қарағанда, уақыт және кеністік тұрғысынан алғанда үлкен жетістік еді. Платон мен Аристотельдің философиялық тұжырымдары мұсылман ойшылдарына да әсер еткені ешкімге тансық емес. Алғашқы мұсылман философияларының бірі әл-Кинди: «Сезім мүшелері арқылы сыртқы ортаның әсерін мөлшерлеуге болады. Сыртқы ортаның өзгеріске ұшырауына қарай сезім мүшелерінің қабылдау әсерлері де өзгеріп отырады. Ал сезім нысандары материяға байланысты», — деген болатын.

Әл-Фараби «әл-Жәм байна райайил-хакимейн» атты шығармасында Аристотельдің гносеологиялық көзқарастарын жақтап, санадағы ой-тұжырымдар сезім мүшелері жеткізген мәліметтер арқылы қалыптасатынын, ақылдың сезім мүшелерімен ғана тәжірибе жасай алатынын, ақылдың сезім мүшелеріне жетістікке жете алмайтынын алға тартты. Ол сезім мүшелерін болмыстағы үздіксіз процесстерді санаға жеткізуші құрал деп білді. Яғни сыртқы ортаның әсерін бес түйсік арқылы сезінумен (хисс салим) сана қалыптасады деген қорытындыға келді.

Әл-Фарабидің гносеологиялық көзқарастарын одан ары қарай дамытқан оның ізбасары ибн Сина еді. Ол адамның әсерленуін ішкі және сыртқы деп бөліп талдады. Оның пайымынша, сыртқы әсерлену бес сезім (көру, есту, иіс, дәм сезу, сипап сезу) арқылы болады, ал ішкі әсерлену — толғану (әл-хиссу'л-муштарак), қиялдану (әл-қууату'л-мусаууира/әл-хәял), елестету (әл-қууату'л-мутахәялла), күдіктену (әл-қууату'л-уәһмия) және еске алу (әл-қууату'з-закира) арқылы жүзеге асады. Адам сыртқы әсерді бес сезім арқылы қабылдап, оны толғану, қиялға салу, елестету, күдіктену, еске алу арқылы қорытады деп түсінді.

Мұсылман ойшылдарының гносеологиялық тұжырымдары әллі-сүннет мутақәлимдерінің сенім мәселесіндегі постулаттарына белгілі бір деңгейде әсері болғанын олардың көзқарастарынан анық байқалады. Мысалы, Әбул-Муйн ән-Насафи: «Анық (ақиқат) деп — мәлім нәрсенің сол қалпында білінуін ойлаймыз», — десе, Фахрдин Рази: «Ғылым деп — оқиғаға сай болған нәрсеге нақты сенім білдіруді айтамыз», — деген болатын. Яғни сыртқы ортадағы құбылыстың әсерін сезім мүшелері арқылы танып-білуді әллі-сүннет мутақәлимдері ақиқатқа жетудің құралы екенін жоққа шығармаған. Осы ғылыми ой-тұжырымдарды Имам Матуриди мен оның ізбасары Омар ән-Насафи өз шығармаларында «хауас-салим» (бес сезім) — деп діни сенімнің (ақида ілімі) негізгі алғы-



шарттарының бірі ретінде қарастырған.

Расында адамның ең алғашқы мәліметті алу құралдары осы бес сезім мүшесі арқылы жүзеге асады. Ештеңе білмей дүниеге келген адам баласы әлемді өзінің жинаған мәліметтері арқылы тануға тырысады. Уақыт өте келе жинаған мәліметтері мен физикалық және психологиялық тәжірибелері арқылы адамның өмірге деген көзқарасы түрлене бастайды. Алайда бұл сезім мүшелері ғаламда болып жатқан барлық нәрсені қамти алатындай деңгейде емес. Ұлы Жаратушы бұл сезім мүшелерін адам өмірінің жер бетінде қалыптасуы туралы сүруін реттейтіндей шамада жаратқан. Мысалы, есту мүшесі болған құлақ белгілі бір жиіліктегі дыбыстарды қабылдай алады. Бұл мөлшерден төмен және жоғары жиіліктегі дыбыстарды қабылдай алмайды. Адамның көру мүшесі көз де затты сол қалпында көріп-тануды қамтамасыз етеді. Алайда адам белгілі көлемдегі нәрселерді ғана көре алады. Абсолютті түрде барлық нәрсені көріп білу тек Ұлы Жаратушыға тән. Сондай-ақ кейде көздің жаңылу жағдайлары да орын алуы әбден мүмкін. Иіс сезу мүшесі мұрын арқылы әртүрлі иістерді ажыратуға болады. Иіс сезу жүйкелері ауадағы иістерді қабылдап, иістік ақпараттар жүйке талшықтары арқылы мидың иіс сезу орталығына жеткізіледі. Мидан сезілуші — тіл арқылы адам тәтті, ащы, қышқыл секілді түрлі дәмдерді осы мүшесі арқылы сезеді. Дәмнің алынуы үшін тілдің үстінде өте сезімтал түрде қабылдайтын рецепторлар, жүйке талшықтары орналастырылған. Дөңестер түріндегі бұл қабылдаушылардың түрлі типтері тілдің әр жеріне үлкен даналықпен орнатылған. Тәтті нәрселерді сезетін қабілетке ие қабылдаушылары тілдің шеткі және алдыңғы жақтарына, тұзды сезетіндері ортаңғы бөлікке, қышқыл және ащы нәрселерді қабылдаушылар артқы жағына орналастырылған. Жас адамның тілінде 9000-ға жуық дәм қабылдаушы дөңестер бар болса, егде жастағы адамдарда олардың саны 4000 шамасында. Адам сипап сезу түйсігі арқылы өзінің терісіне тиген нәрсе туралы ақпарат алады. Ыстық-сұйық, қатты-сұйық, қатты-жұмсақ сияқты затқа қатысты ерекшеліктері терісі арқылы күннің жарығына да сезе алғанмен, ғарыштық жарықтарды (рентген секілді) сезе алмайды. Яғни әрбір сезім мүшесі өзіне тән салада қызмет атқарады. Көзбен көреді, құлақпен естиді. Керісінше болуы мүмкін емес. Осылайша адамда пайымдау және ойлаумен ой-сана қалыптасады. Демек ән-Насафи адамдағы табиғи сезім мүшелерінің ақиқатты та-

нытуда белгілі бір рөл иеленетінін жоққа шығармайды. Қайта сезім мүшелерін ақиқатқа жетудің алғышарттарының бірі ретінде қарастырады.

«ХАБАРИ-САДЫҚ» — ХАҚИҚАТ ҚАЙНАРЫ

Нәжмиддин ән-Насафи «Ақайл-Насафиде» білім алудың екінші жолы ретінде «хабар-и садықты» (тура хабар) негізге алды. Оның тұжырымдауына «хабар-и садық» екі түрге бөлінеді: «Біріншісі — мұтауатыр хабар. Бұл жалған айтуда бірігулері мүмкін емес қауымның бірауыздан айтқан хабары. Ол нақты ғылымды қажет етеді. Бұрынғы уақытта өмір сүрген патшалар мен ұзактағы өлкелер туралы хабарлар тәрізді». «Мутауатыр» сөзі тілдік мағынада «үздіксіз жалғасу» мағынасын білдіретін «уәтр» сөзінен келіп шығады. Яғни «мутауатыр» хабардың терминдік мағынасы — әр дәуірде өмір сүрген шыншыл адамдардың бір-біріне жеткізген ақпараттары күмән тудырмайтын, бұлтартпас мәлімет деп есептеледі.

Ислам ғұламалары жеткізілген хабарды «мутауатыр» деп тану үшін оған мынадай үш шартты бекіткен:

1. Нақты бір сезім мүшесінің әсеріне сүйенуі керек. Яғни хабарды жеткізушілер бұл мәліметті бес сезім мүшесінің бірі арқылы ұғынған болуы керек. Мысалы, аңыз-әпсананы жеткізу ғылыми ақиқат болып есептелмейді.
2. Жеткізушілердің ақпараттарында сәйкессіздік пен қайшылық болмауы керек. Ақпарат өзгеріске ұшырамастан жеткізілуі тиіс. Яғни жеткізушілер шыншыл болуы шарт.
3. Жеткізілген хабар Құран мен сүннетке қайшы болмауы тиіс. Мысалы, өзиреті Иса (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың өлтірілгеніне қатысты хабарлар Құран аяттарына қайшы. Сол себепті мұндай хабарлар діни шарттарға қайшы келгендіктен, мутауатыр хабарға жатпайды. Исламдағы ақида, фикһ, тәпсір ілімдерінде мутауатыр жолмен жеткен хабарлар ешқашан теріске шығарылмайды. Мутауатыр жолмен келген ақпарат ең қуатты дәлел болып саналады. Ән-Насафи де осы дәстүрді берік сақтай отырып, мутауатыр жолмен жеткен хабарды бұлтартпас хәм айқын діни эпистомология ретінде бағалаған. «Хабар-и садықтың екіншісі — мүғжи-заман бекітілген пайғамбарлардың берген хабары. Пайғамбарлардың жеткізген хабарлары нақты (міндетті) ғылым болып танылады», — дейді ғұлама. Ұлы Жаратушы адамзатқа діни үкімдерді пайғамбарлар арқылы паш еткені тарихтан белгілі. Пайғамбарлар өздерінің Ұлы Жаратушының елшілері хәм нәбилері екенін мүғжи-заман дәлелдейді. Мүғжиза табиғаттағы иләһи таңғажайып құбылыс болғандықтан, оған тән пайғамбарлардың хабарлары шүбәсіз хабар болып саналады. Шынтуайтында, пайғамбарлардың Жәбірәйл періште арқылы Ұлы Жаратушымен байланыс жасауы — мүғжиза. Алладан аяттардың нәзілі (түсуі) болуы да — таңғажайып дүние. Елшілердің табиғи (пашқар) жасауы да өзіндік кереметпен өріледі. Яғни пайғамбарлардың өмірі таңғажайыпқа толы. Сол себепті ән-Насафидің пайымынша, пайғамбарлар жеткізген хабарлар (белгілі шарттар негізінде) «хабар-и садық» болып саналады.

АҚЫЛСЫЗ АЛЛАНЫ ТАНЫМАЙСЫҢ

Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи ақида туралы рисаласында білім алудың үшінші жолы ретінде ақылды алға тартты: «Ақыл да — басқалар секілді ғылым-білім алудың бір құралы. Мысалы, бір нәрсенің бүтіндігін бір бөлшегінен үлкен екенін білу секілді. Дәлелдер жолымен келген ғылым да — кейіннен алынған білім болып саналады», — дейді. Ислам діни адам ақылына жоғары деңгейде маңыз берген. Оны Алланың

құзырында жауапты болудың екі негізгі шартының бірі деп санаған. Бұл шарттардың бірі балиғатқа толу болса, екіншісі — ақылдың толық болуы. Яғни ақыл дұрысты бұрыстан, пайдалыны зияннан ажырата білуі шарт. Осы себептен де, балалар мен ақылы кем (есі ауысқан) адамдар Ислам дінінде жауапты болып саналмайды. Ал Алла Тағала ақылы бар адамдардың жауаптан жалтара алмайтынын Құран Кәрімнің «Мүлік» сүресінің 10 аятында: «Егер бұл тыңдаған немесе ақыла салған болсақ, бұл жалынды тозақтықтардың ішінде болмас едік» дейді, — деп ескерткен.

«Ақыл» сөзі Құран Кәрімде бір рет өткен шақта, қалғанры жалпылама (ырықсыз етістік) түрде қырық тоғыз жерде берілген. Бұл аяттарда жалпы ақылды қолданып, дұрыс ойлаудың маңызы туралы айтылған. Одан басқа «зейін», «түсінік», «ойлау» және «пайымдау» секілді сөздерде де ақыл мағынасына жатқызуға болады. Расында ақыл — болмыстың ақиқатын ұғындыра алатын күш. Ол материядан тұрмайды. Алайда көзге көрінетін заттар мен денелер және көмескі нәрселердің әсер сезінумен, олар туралы түсінік қалыптастыратын, сондай-ақ ұғымдардың арасында байланыс құрып, оларды салыстырып, пайымдаулар жасай алады. Яғни ақыл — әр нәрсенің әсемдігі мен сұрықсыздығын,

кемелділігі мен кемшілігін парықтай білетін адам бойындағы ізгі қасиеттің бірі.

Жоғарыда талдаған «хауас хамса» (бес сезім) хайуандарда да кездесетін түйсік. Тіпті олардың көру, есту, иіс сезу қабілеттері адамдікінен де жоғары екені белгілі. Дегенмен хайуандарда адамдарға берілген ақыл кемшіні. Адамның дін алдындағы жауапкершілігін туындататын осы артықшылығы. Осы себептен де Нәжмиддин ән-Насафи білім алудың үшінші жолы ретінде — «бес сезімнің» әсері мен әлем туралы мәліметтерді (хабарлар) қорытындылайтын «ақылды» негізге алған деп ойлаймыз.

Түйін:

Ортағасырлық ірі ғұлама Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафидің тәпсір, хадис, фикһ және ақида ілімі бойынша жасаған ой-тұжырымдары (ижтihadы) мұсылман әлемінде ерекше құрметке ие. Әсіресе Ханафи мәзһабын ұстанушы қауым оның «Насафи ақидасы» еңбегін ерекше қастерлейді. Ол осы шығармасы арқылы бұқара халыққа Имам Матуридидің ақидалық көзқарастарын ықшамды түрде жеткізген. Аталмыш рисала арқылы өлеге Матуриди ақида мектебі танымал болды десек, асыра айтқандық емес. Жалпы Ханафи фикһы мен Матуриди ақидасын кейінгі бұныға жеткізуде ән-Насафидің еңбегі өлшеусіз зор екені анық. Сондай-ақ хадис ілімі мен тәпсір саласында да оның шығармалары үлкен беделге ие. Ғұлама «Ақайл-Насафи» шығармасында болмысты гносеологиялық құралдар «хауас хамса» (бес сезім), «мутауатыр хабар», «ақылмен» тануға болатынын алға тартады. Оның аталған ой-тұжырымдары мұсылмандарды соқыр діни сенімге ұрындауға шақырады. Себебі сезім қабілеттерін дұрыс пайдаланған, дін мәселесінде эпистомологияның салықалығын ұғынған, сондай-ақ рационалды ойлаудың маңыздылығын түсінген адам дүниені танып-білуде зор табысқа қол жеткізе алады. Нәжмиддин ән-Насафидің гносеологиялық нақты құралдары ретінде «хауас хамса» (бес сезім), «мутауатыр хабар», «ақылды» негізге алуының сыры осында деп білеміз. Әрі ғұламаның бұл ұстанымы оның кәләмдік көзқарастарының Матуриди ақидасымен сабақтасатынын әйгілейді. Және оның бұлтартпас бұл ұстанымы көпшілікті діни догматизмге ұрындай, әрбір мәселеде ғылыми ойлануға үндеген еді.

Бақытжамал КӘРІБАЙҚЫЗЫ:

АДАМДАР
МЕЙІРІМГЕ МҰҚТАЖ

Астанадағы «Қазақстан» орталық концерт залында өткен «Үмметін сүйген Мұхаммед» атты рухани кеште бірнеше жанға «Мәуліт сыйы» табыс-талды. Сондай сыйдың бірі 1982 жылы жанарынан айырылған, кейін Брайль жүйесі арқылы Құран оқуды үйренген, ұстаз болып 130 шәкірт тәрбиелеген Бақытжамал Кәрібайқызына берілді. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы құрметті ұстаз Бақытжамал Кәрібайқызын ҚМДБ-ның мерекелік медалімен марапаттады. 30 жасында көзін қараңғылық басса да, жүрек көзін Құранмен нұландырып келе жатқан 70 жастағы Бақытжамал Кәрібайқызымен аз-кем әңгімелескен болатынбыз.



— Медальныз құтты болсын! Сұхбатымызды алғашқы еңбек жолыңыздан бастасаңыз.

— «Алма ағашынан алыс түспейді» дейді біздің қазақ. Отбасындағы педагогикалық институтқа түстім. Ол кезде бүгінгідей жұмыссыздық мәселесі жоқ еді. Оқу бітірген мамандығын бойынша қызметін дайын тұратын. 1973 жылы университетті бітіріп, туған жерім Есідің мектебінде 5-сыныптан жоғары оқитын оқушыларға француз тілін сабақ бердім. Бәрі қалыпты келе жатқан. Бір күні аяқасты көзім көрмей қалды.

Түнде ұйықтауға жаттым, таңда әпкем оятып тұр. Мен «әлі түн ғой, таң атқан жоқ қой» деп дым түсін-

беймін. Сөйтсем, көзім ештеңе көргей қалған екен. Содан бері, міне 40 жыл өтті. Қараңғылықтан басқа ешнәрсені көрген емеспін.

— Брайль оқу жүйесін қалай меңгердіңіз?

— Көзім көрмей қалса да, мойымалдым. Көзім көреді деп, алға қарай талпындым. Астана қаласындағы заңғиптарға арналған кітапханада барып жүріп, Брайль оқу жүйесін үйрендім. Брайль қарпі — көзі көрмейтін жандарға арналған арнайы рельеф-нүктелі жазу жүйесі. Бұл әліпби көзі көрмейтін адамдарға жазу мен оқуға мүмкіндік береді. Кейін осы кітапханада басқа адамдарға Брайль жүйесін оқуды үйреттім. Әрине, басында көп адамдар сенімсіздік танытты, алайда қолдау білдіргендер де болды. Кітапханада түрлі шаралар ұйымдастырып тұрдым.

ОТБАСЫНДАҒЫ БЕРЕКЕНІ
САҚТАЙТЫН 6 ЕРЕЖЕ

Отбасындағы берекені сақтау — ең қиын әрі ғажайып нәрсе. Сақтай алған жанның бағы бес елі, сақтай алмағанның жағдай белгілі. Әр тағдыр өзінше, бәрін сөге алмаймыз. Дегенмен өзiрге билетiн, көрiп жүрген және ұққан бiреженi ұсынайын әрi сол алтауын жеке-жеке талдап көрсетейiн.

Бiрiншi ереже. Құдайды жиi еске алыңыз! Үйден шыққанда, қайтып кiрген кезде «бiсмiллә» деп шығып, солай айтып кiрiнiз. Құдай сiз кетiп, қайта келгенше үйдi шайтаннан сақтайды. Әйелiңiзге сүйсiнiп қарап отырып, iштей Аллаға разылық айтыңыз. Шүкiр етiнiз. Қанағат болсын. Әйелiңiз iстеген тамақ ұнамаса, құдайға қалдырыңыз. Жетпеген тұзын, дәмсiз боп қалған астың дәмiн келтiрiп беретiн де сол. Ең бастысы — ниеттiң тазалығы. Баланызды, әйелiңiздi қатты жақсы көрiп кеткен кезде тағы да құдайды ойланңыз. Себебi бәрiн берушi ғой. Мiне, бiрiншi ереже осылай басталса, береке болады.

Екiншi ереже. Әйел өзiнiң баласы үшiн — ана, сiз үшiн әлi әйел. Әйелiңiз өмiрге бала әкелгеннен кейiн «баланың анасы ғой» деген түсiнiкпен ысырып тастамаңыз. Яғни оның мойнында табиғаты жүктеген мiндетi бар екен деп, бүкiл iстен ат тонып ала қашпаныз. Өмiрге бала әкелгенiмен ол әлi де сiздiң сүйiп қосылған әйелiңiз. Осы призмада қарауды жоғартып алмаңыз. Сол кезде ол сiз үшiн құлпыруға тырысады. Бала — ортақ. Ол әйелдiң жекеменшiгi емес.



Кейде бiз, еркектер, баланың ортақ екенiн тек ренжiскен кезде, соған ұқсас жағдайларда еске аламыз да, қалған уақытта әйелдiң жетегiне беремiз.

Сондықтан үйде жүрген үшiншi адамды тек әйелiңiз тапқан екен деп итерiп қоюды қойыңыз.

Үшiншi ереже. «Еркек» деген сөздiң астарында түзде тояттау деген ұғым жоқ. «Еркек болған соң болады ғой...» деген қысыр әңгiме. Исламда «еркек сыртта тояттай берсiн, оған рұқсат» деген сөз жоқ. Әйелiңiздiң сырт айналып, көңiлдес iздеуден асқан жiркек-нiшiтi нәрсе жоқ. Әрi бұл — аса үлкен күнә. Әйелiңiзге шамаңыз келiп, одан қорықпайтын шығарсыз. Бiрақ құдай-

дың алдында ант берiп алғаныңыз есiңiзде болса, антпен ойнамаңыз! Арасында тәннен шығып, жанмен ойланған абзал. Өмiр тек материалдық ұғымнан ғана тұрмайды.

Төртiншi ереже. Уайымдатпаныз! Әке-шешенiздi уайымдатудан қорыққан секiлдi, әйелiңiздi, баланызды уайымға салмаңыз. Қандай жағдай болмасын, шама келсе, жазыңыз, хабарласыңыз. Жұмысыңыз отбасыңыздан үлкен емес. Миллион тенге төлеп жатқан бастығыңыз да олардан биiк емес. Отбасын төмен қойып, оның орнына басқа бiр құндылық пен идеология жайлы әңгiме айтып отырса, онда ол ортада жұмыс iстеудiң тiптi қажетi

шамалы. Ол жердiң аңсағаны — ақша. Басқа түк те жоқ.

Бесiншi ереже. Сабыр мен кешiрiм. Кез келген нәрсеге сабыр сақтаңыз. Әйелге қарағанда ер адамға сабыр сақтаудың жолы көп. Бiрiн болмаса, бiрiн пайдаланыңыз. Кешiрiм жасауда да ердiң әйелге қарағанда бiрiншi болып әрекет жасау мүмкiндiгi көп. Мұның бәрi кездесiсiк емес. Табиғаттың заңдылығы солай. Сабыр сақтай отырып, кешiрiм сұрау, кешiре бiлу деген нәрседен қашпаныз. Бұл жердегi кешiрiм екеуiңiзге қатысты мәселеге бағытталған. Алланың тыйған нәрсесiн iстеген болса, басқа әңгiме. Себебi оны әйелi бiлмесе, ерiнiң айтуы, бiлдiруi парызы. Бiрақ парызды «пах» еткiзiп шапалақпен түсiндiрмейдi.

Алтыншы ереже. Кез келген ортада әйелiңiздi қорғай бiлiңiз! Қонақта отырсыз ба, әлде достарыңызбен отырсыз ба, маньзды емес. Әйелiңiз туралы сөз болса, оның арын да, атын да қорғауға мiндеттiсiз. Үйде сiздi күтiп, алаңдап отырған адам — бөтен бiреу емес, сiздiң жарыңыз. Ешкiмге боқтатып, қисыны келмейтiн өзiлге қосып отыруына жол берменiз. «Әлi ғой» дегеннiң бәрi өзiл емес. Еркексiз бе, намысыңыз сол әйелiңiзбен де өлшенiп тұрғанын ұмытпаныз.

Қазір әр кеш сайын келішегімен Құдай жайлы, өмір және өлім туралы жиі әңгіме айтуды әдетке айналдыра бастадым. Себебі отбасындағы жазылмаған жетінші ереже пайда болды. Ол әрине, тәубеге келу. Тәубеге келген ер де, әйел де адаспайды. Алла үйдегі береке деген шегенізде берік қылсын!

Марғұлан АҚАН

— Брайль жүйесі арқылы Құран оқуды меңгеріп, басқаларға да үйреткен екенсіз. Бұл іс қалай жүзеге асты?

— Біреу Исламға біліммен келеді, енді бірі сынақпен келеді ғой. Бала күнімізден Ислам дінінен алыс болмады. Әрине Кеңес заманында дінге шектеу болды. Дегенмен ата-анамыз коммунист бола жүріп намаз оқитын. Бірақ бізге ешқашан «оқындар» деп айтқан емес. Бізді саясаттың құрбаны болудан сақтаса керек. Әкеміз қой сойған кезде қойдың аяғын ұстауға таласатынбыз. Сол кезде әкеміздің Алла разылығы үшін құрбан шалуға ниеттенгенін сезбеппіз. Ал өзiм туралы айтар болсам, басым асындай сынақ келген соң ғана Құдайды тануға ұмтылдым. Жанарымнан айырылғаннан кейiн намаз оқып, дiнi бiлiм ала бастадым. Ұстаздардан Брайль жүйесi арқылы Құран оқуды үйрендiм. «Бiзге де Құран оқуды үйретсеңшi» деп қолқа салатындар көбейдi. Сондықтан өзiмнiң үйренгенiмдi Брайль қарпiне түсiрiп, басқаларға да үйрете бастадым. Қаскеленде «Жанар» оналту орталығы ашылған екен, сол жаққа сабақ беруге шақырды. Екi ай Астанада, екi ай Қаскеленде жүрiп, бiрнеше жыл бойы Құраннан сабақ бердiм. Мешiт имамдары, Бас мүфтидiң өзi қолдап, мерейiмдi асырып тастады. Шәкiрттерiм өзiмнiң балаларым секiлдi. Олар маған анамыз секiлдiсiз деп құрметпен қарайды. Өздерiне жақын тартады. Араларында бiр-бiрiмен бас қосып, үй болғандары да бар.

— Құран үйретуден бөлек зағип қарттарға арналған бірлестік құрған екенсіздер. Бірлестікті құруға не себеп болды?

— Жас күнімнен мұқтаж адамдардың жанында жиі жүрдім. Барынша қамқорлық танытатынымын, оларға жақын болдым. Жетімдер үйінде қызмет етіп жүргенімде бір қыз есіктің алдында басы салыпқы, жүзі солғын тартқан күйі жасқаншақтап бөлек тұр екен. Оларды ұйқыға жатқанға дейін 2-3 сағат өз еркіне жіберіпті. Өз еркімен топқа кіріп кете алмай, біреудің қолдауын, өзін шақыруын күтіп тұрғанын байқадым. Жақын тартып сөйлесіп едім, шаттанған күйі балалармен ойнауға жүгіріп кетті. Мен өзімді ерлік жасадым деп тұрғаным жоқ. Алайда адамдар мейірімге, қолдауға мұқтаж. Кейбір адамдардың мұндай мұқтаждықтарын ата-анасы, басқа да жақын туыстары өтейді. Ал енді біріне жалпы қоғамнан сезім, сенім, қолдау күтеді.

Зейнетке шыққан кезде адамның өмір салты өзгереді. Байланыстар мен қажеттіліктер шеңбері азаяды, бірақ бос уақыты көбейеді. Өмірді толыққанды жалғастыру үшін бос уақыт пайдалы және маңызды әрекеттермен толтырылуы керек. Осы мақсатта бірнеше қарт кісі бірігіп, 2019 жылы «Шұғыла» зағип қарттардың бос уақытын ұйымдастыру қоғамдық бірлестігін құрдық. Апта сайын кездесіп тұрамыз. Бірлестіктің мақсаты — егде жастағы адамдардың қатысуымен хор ансамблін құру, сонымен қатар мүгедектерге арналған мәдени, білім беру және спорттық іс-шараларды өткізу арқылы белсенділікті, әуесқойлық іс-шараларды және көркем шығармашылықты дамыту. Дұрыс ұйымдастырылған бос уақыт егде жастағы адамдардың психикалық жай-күйін айтарлықтай жақсартады. Мұнда тек зағип қарттар емес, өздері ерікті түрде келіп қосылған басқа да қарттар бар.

— Алла ғұмырыңызға береке берсін! Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жанар ҒАРИФOLЛАҚЫЗЫ

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

БИСМИЛЛАНЫҢ
ҚАСИЕТІ

Кезінде Бишр Хафи (Алла оған разы болсын) деген ғұлама, тақуа адам өмір сүріпті. Дін жолына түспес бұрын қарақшылық қылған екен.

Бір күні ол жол үстінде жатқан «Бисмилләһир Рахманир Рахим» деп жазылған қағаз тауып алады. Қалтасында жүрген екі динар ақшасының біріне тап-таза су сатып алып, әлгі жазуды кірден тазартып, екінші динарына хош иіс су сатып алып, қағазға сеуіп, кісі басыпайтын жерге қояды.

Сол күні түсінде: «Сен Менің атымды қалай ардақтасан, Біз де сенің атыңды солай ардақтандық», — деген дауыс естіп оянады. Содан бастап, тура жолға түсіп, ғұлама дәрежесіне жетеді.

Ал Хафи деп аталуы — үнемі жалаң аяқ жүретін болыпты. Тақуалығы жөнінде айтсақ, Бишр Хафи қырық жыл қуырылған ет жегісі келсе де, адалдан тапқан қаражаты жетпеген соң, жей алмапты. Оразасын ұстап, түнгі намазын үзбей оқыпты. Бишр Хафидің жалаң аяқ жүрген көшесіне ит-мысықтар көшені былғай бастағанда, ғұламаньң дүниеден озғанын біліпті.

Бишр Хафидің (Алла оған разы болсын) өзі ғана емес, үй іші де тақуалық жолда болыпты. Оған мысал, бір жолы Ахмед ибн Ханбалдың (Алла оған разы болсын) алдына бір әйел адам келіп: «Шейх, біз үйде ай жарығымен жіп иіреміз. Кейде қала күзетшілері түн ішінде шам ұстап бара жатқанда, сол шамның жарығынан пайдаланып, жіп иіріп қаламыз. Сол бізге харам болып қалмайды ма?» — деп сұрайды. Сонда Ахмед ибн Ханбал: «Сіз кім боласыз?» — деп сұрайды. Әйел: «Мен Бишр Хафидің қарындасымын», — деп жауап береді. Сол кезде Ахмед ибн Ханбал: «Аллаға шүкір, тақуа тұрған үйден тақуалық кетпеген екен», — деген екен.

Қуат ҚАБДОЛДА,
Исламтанушы

ТАКСИДЕГІ
ӘҢГІМЕ

Бүгін бір таксиге отырдым. Ақжарқын, әңгімешіл, ісіне мығым жігіт екен. Жол мұраты жетуі емес пе?! Жол құрсақарын деді ме, такси жүргізуші әңгіменің шетін былай шығарды.

«Аға, өзіңіз секілді осы көлігіме қаншама адам мінеді. Әсіресе сенбі-жексенбі күндері бір астан екінші асқа шыққан үлкен кісілер отырады. Жақсы жандар мiнсе, қандай көңiлiң жай. Мұмкін болса, осы бала-шаға нәпақасын кешкі бес-алтыға дейiн тапқанды жаным сүйедi. Себебi түнге қарай адамшылығыңнан азғандар жол бойында көп жүредi. Бестер шамасында сұлалық салонынан шыққан бикештер мiнедi. Олардың бағыты — сауна. Дiттеген жерiнен сәл асып кетсең, ақысын бермеу үшiн мiнез көрсетедi. Ауыздарынан шыққан сөздерi сұмдық лас. Өткенде бiр қонырау түстi. Барсам ерлi-зайыпты екен. Әйелi мас. Дүниеде әйелдiң iшкенi жаман екен. Жол үстiнде есiгiмдi бiр теуiп, әлгi әйел түсiр деп айкайға басты. Күйеуi әйелiңiң әрекетiнен ұялып, менен кешiрiм сұрап жатыр. Өне, аға! Осындай жағдайлар көп кездеседi. Өзiм пойызда жолсерiк болып қызмет iстедiм. Қазiр боспын. Пойызда да осындай әрекеттер көп кездесетiн едi. Таксиде де солай екен. Өмiр екiге айырылған жол секiлдi. Бiреулер тура жолды тандап дұрыс жүредi, ендi бiреулер бұраланы көп жолға түсiп шатасып, адасып та жатады», — дедi такси жүргiзушiсi.

Дiттеген жерiме келдiм. Такси жүргiзушiсiнiң мына әңгiмесi маған «Фатиха» сүресiн есiме түсiрдi. Күн сайынғы бес уақыт намазымызда осы «Фатиха» сүресiн оқимыз. Сүренiң iшiнде: «...Сенен ғана жәрдем тiлеймiз! Бiздi тура жолға сала көр!» — деген аят бар. Аллаға шың жалбарынып, дұға жасаудың осы үлгiсi кездеседi. Адам өзiнiң мiнез-құлқын дұрыстап, иманды пенде болып қалуы үшiн Аллаға қашан да мұқтаж. Сол үшiн әлсiздiгiмiздi бiлiп, тура жолды көрсету үшiн Алладан жәрдем тiлейдi екенбiз. Тура жолды табу — бiр бақыт. Тура жолдан таймау — ең үлкен мақсат. Сол үшiн Алладан бес мезгiл намазда тура жол сұрап, табанды болуды тiлеймiз. Сiз де: «Уа, Алла Тағалам! Бiздi тура жолдан тайдырма! Бiздiң қадамымызды хақ жолда мығым ет! Адасқан жандарға һидаят бер!» — деп дұға ете жүрiнiз.

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ,
«Ақмешiт-Сырдария»
мешiтiнiң наиб имамы

Қызылорда облысы



Қазақстан мұсылмандары
дiнi басқармасының
ресми газетi

Меншiк мексi:
«Munara gazeti» ЖШС

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Наурызбай қажы ТАҒАНУЛЫ
(төраға)
Ершат ОҒАР
Кенжеәлі МЫРЗАБАЕВ
Сансызбай ҚҰРБАНУЛЫ
Марат БЕКТАЗИНОВ
Смайыл СЕЙТБЕКОВ
Батыржан МАНСУРОВ
Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ
Жәндiллә БЕКЖIПТОВ
Марат ЖАПАСБАЕВ
Ерболат ЖҮСПОВ
Бақдәулет АБДРАХМАНОВ
Төлеби ОСЛАН
Қуаныш СӘБИТ

Серiкжан ЕНШIБАЙУЛЫ
Алтынбек УТЫСХАН
Бейбiт ӘЛIПБЕКҰЛЫ
Естай АЙТУҒАНУЛЫ
Болатбек ҰЛАСҚАНУЛЫ
Бахытбек ТӘЖIМБЕТ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақытжан ҚҰРАЛБАЙУЛЫ
Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ
Хамзат ҚАЖЫМУРАТУЛЫ
Еркебулан ҚАРАҚҰЛОВ
Мадияр ПIРIМҚҰЛОВ
Ермек МҰҚАТАЙ
Асқар МҰҚАНОВ
Алмас ДАНАҒҰЛОВ
Елдос ЖҰМАДИЛДА

Директор —
Мұрат МАНАПУЛЫ

Бас редактор —
Серiкбол ХАСАН

Шеф редактор —
Ағабек ҚОНАРБАЙУЛЫ

Шариғи редактор —
Хасан АМАНҚҰЛ

Жауапты хатшы —
Елдар ҚАБА

Фототiлшi —
Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы:
Нұр-Сұлтан қаласы,
Қарасаз, 3
«Munara» газетiнiң редакциясы

Пошта: munara@muftayat.kz
Телефон: 8 (7172) 999866
Жазылу индекси: 64747

Газет айына 2 рет шығады

Ақпарат және қоғамдық даму
министрiлiгiнiң Ақпарат комитетiнде
08.10.2019 жылы тiркелiп,
№К226ВР00015760 күнәлiгi берiлген.

«Munara» газетi редакциясының компьютерлiк
орталығында беттелдi.

ТАРАЛЫМЫ — 30 000

Тапсырыс: №75
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесi, 17-үй,
«Дәуiр» РПБК ЖШС
Тел: 8 (727) 273-50-53

Газетте жарияланған
материалдарды сiлтемесiз көшiрiп
басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есiмi мен Құран
аяттары жазылғандықтан, газеттi аяқасты
етпеулерiңiздi сұраймыз.